

**Ұлытау облысы білім басқармасының  
Жаңаарқа ауданының білім бөлімі  
«Көктал жалпы білім беретін мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Ұлытау облысы білім басқармасының  
Жаңаарқа ауданының білім бөлімі  
«Көктал жалпы білім беретін мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі  
өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы қорытынды**

**2024 жыл**

## **МАЗМҰНЫ**

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы
  2. Кадрлық құрамға талдау
  3. Білім алушылар контингенті
  4. Оқу-әдістемелік жұмыс
  5. Оқу-материалдық активтер
  6. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор
  7. Білім алушылардың білімін бағалау
  8. Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы
  9. Кемшіліктер мен ескертулер, олардың шешу жолдары
  10. Қорытынды
- Бағалау парағы

## Кіріспе

«Көктал жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің өзін-өзі бағалауы Қазақстан Республикасы "Білім туралы" Заңының 59-бабының негізінде, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығына, «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» РММ-нің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығына сәйкес жасалды. Өзін-өзі бағалау жалпы білім беретін мектептің бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымының қызметін талдауды қамтыды.

Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (бұдан әрі – МЖМБС) талаптарына сәйкестігі ұсынылған білім беру қызметтерін талдаудан тұрады, олар:

- 1) оқу нәтижелеріне бағдарланған білім беру мазмұны;
- 2) білім алушылардың және тәрбиленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі;
- 3) білім алушылардың дайындық деңгейі;
- 4) оқу мерзімі.

Өзін-өзі бағалау материалдарын 26.03.2024 жылғы № 5 педагогикалық кеңесі отырысында және мектеп директорының бұйрығымен бекітілген комиссия дайындады.

Білім беру ұйымдарының мемлекеттік аттестаттаудан өткізу аясында өзін-өзі бағалау комиссиясын құру туралы **бұйрық, педагогикалық кеңестің хаттамасынан** үзінді, Мемлекеттік аттестаттау аясында өзін-өзі бағалауды жүргізу бойынша іс-шаралар **жоспары, Қамқоршылық кеңестің хаттамасы (сілтеме)**

[https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1z4U-wQwPfc4N4Nyxeut7kIjTZBDy\\_-L1](https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1z4U-wQwPfc4N4Nyxeut7kIjTZBDy_-L1)

## **1-бөлім. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы.**

### **Мекеменің толық атауы.**

Ұлытау облысы білім басқармасының Жаңаарқа ауданының білім бөлімінің «Көктал жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Ұлытау облысы білім басқармасының Жаңаарқа ауданының білім бөлімінің «Көктал жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 1987 жылы пайдалануға берілді.

**Занды мекен-жайы:** Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы, Орынбай ауылдық округі, Орынбай ауылы, Мектеп көшесі 6.

**Байланыс телефоны:** 8(71030)52189

**Басшының тегі, аты, әкесінің аты:** Ахметова Гульнар Тлеухановна (қосымша: лауазымға тағайындау туралы бұйрық)

[https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1A1aLjBTT419cO7zxWBewSUj7lAu\\_zkTC](https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1A1aLjBTT419cO7zxWBewSUj7lAu_zkTC)

**Интернет желісіне қосылу туралы ақпарат:** старлинк 100м/бит, Қазақтелеком 8

м/бит

**Электронды мекен-жай:** [kkoktalskayassh@mail.ru](mailto:kkoktalskayassh@mail.ru)

**Web-сайт:** <https://zhanaarka.goo.kz/index/fromorg/53>

**Домен:** [zhr-mektepkoktal@edu.kz](mailto:zhr-mektepkoktal@edu.kz)

**Жобалық қуаты:** 320 білім алушыға арналған

**Білім ұйымында білім беру қызметінің ішкі тәртібін реттейтін келесі құрылтайшы және құқық беруші құжаттар бар:**

- «Занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама», берілген күні 15 қыркүйек 2022 жыл. БСН 970640001555
- Білім беру қызметімен айналысу үшін лицензия 17.02.2023ж №KZ22LAA00033561
- «Ұлытау облысының экономика басқармасы» ММ 06.09.2022ж №7 бұйрығымен бекітілген «Көктал жалпы білім беретін мектебі» КММ Жарғысы.

## 2. Кадрлық құрамға талдау

Әдістемелік ұсынымға 7-қосымшаға (сілтеме)

[https://drive.google.com/drive/u/0/folders/11uVKeeqB9TP4z-6\\_xGYMlkTp6aLr37Ug](https://drive.google.com/drive/u/0/folders/11uVKeeqB9TP4z-6_xGYMlkTp6aLr37Ug)

**2022-2023 оқу жылындағы штаттық кесте және тарификациялық тізімдер.**

Қыркүйек айындағы тарификациялық тізім

<https://drive.google.com/drive/u/0/folders/161zoHzmHORELDEu6p4uP7fbGye14dzSv>

Қыркүйек айындағы жүктеме көрсеткіш

[https://drive.google.com/file/d/14K1fq77rTWvqfvRGHbQsqCUDsNfD2AS\\_/view?usp=drive\\_link](https://drive.google.com/file/d/14K1fq77rTWvqfvRGHbQsqCUDsNfD2AS_/view?usp=drive_link)

Қаңтар айындағы тарификациялық тізім

[https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1Ki0Aure4OvMaAGQr75lM\\_UoIhUR5ljbk](https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1Ki0Aure4OvMaAGQr75lM_UoIhUR5ljbk)

Қаңтар айындағы жүктеме көрсеткіш

[https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1f1\\_ZIL8hgmVZRC0ctvD2vRO3mR88rGFJ](https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1f1_ZIL8hgmVZRC0ctvD2vRO3mR88rGFJ)

**2023-2024 оқу жылындағы штаттық кесте және тарификациялық тізімдер.**

Қыркүйек айындағы жүктеме көрсеткіш

[https://drive.google.com/drive/u/0/folders/12309b4RrFkBLrOE-zgCDsV\\_UYJac1C1t](https://drive.google.com/drive/u/0/folders/12309b4RrFkBLrOE-zgCDsV_UYJac1C1t)

Қыркүйек айындағы тарификациялық тізім

<https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1lehULNHS7dKlGegYg8XgwQyVS7KUvt1n>

Қаңтар айындағы тарификациялық тізім

[https://drive.google.com/file/d/1fATou0uoOZD-j5ehdR-GzxMZ7XThpMff/view?usp=drive\\_link](https://drive.google.com/file/d/1fATou0uoOZD-j5ehdR-GzxMZ7XThpMff/view?usp=drive_link)

Қаңтар айындағы жүктеме көрсеткіш

<https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1BW8xOyNnvthGI1WGpYPw-iMHiir5rP43>

**2024-2025 оқу жылындағы штаттық кесте және тарификациялық тізімдер.**

Тарификациялық тізім

<https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1oSkcApNpTtiodGdtzCsl6jD2a-QI20sn>

Жүктеме көрсеткіш

<https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1jCoBnkROdeflifjYcWqlUo-KJAY7jXyy>

**Мектеп директоры және директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары туралы мәлімет**

(Біліктілікті артыру, біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер)

№	АЖТ	Лауазымы, санаты, өтілі	Пән бойынша санаты	Біліктілігін арттыру курсы	Біліктілікті арттыру курстарынан өткізу ұйымы	Педагогикалық өтілі
1	Ахметова Гульнар Глеухановна	Директор, 7 жыл	Педагог-модератор, 26.05.2023, №70	Көшбасшылық және шағын жинақты мектепті басқару	«НЗМ» ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығы. Астана қ.	39
2	Муханова Ботагоз Туkenовна	үшінші санатты оқу ісі жөніндегі орынбасары, 24,12,2020, №251, 16 жыл	Педагог-модератор, 26.05.2023, №70	Білім беру ұйымдары басшыларының жаңа форматты педагогты қалыптастырудағы рөлі	"Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ Алматы қ.	33
3	Кунанбаев Жасулан Жантуреевич	үшінші санатты тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 24,12,2020, №251, 7 жыл	Педагог-модератор 14.12.2021, №73	Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында мектептің инновациялық дамуын басқару	"Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ Алматы қ.	18

- Әкімшілік мүшелерінің орташа педагогикалық өтілі – 30 жыл
- Осы мекемедегі аталмыш лауазымдағы орташа жұмыс өтілі – 10 жыл.

2022-2023 оқу жылында штаттық кестеге сәйкес мектепте біліктілік талаптарына сай 24 педагог жұмыс істеді, оның ішінде директор – 1 бірлік, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – 1 бірлік, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – 1 бірлік, педагог-психолог – 1 бірлік, әлеуметтік педагог – 1 бірлік, тәлімгер – 1 бірлік, жүйе әкімшісі – 1, алғашқы әскери техникалық дайындық оқытушысы – 1 бірлік.

2023-2024 оқу жылында штаттық кестеге сәйкес мектепте біліктілік талаптарына сай педагогтар саны - 21 (бала күтімі бойынша демалыстағы 1 мұғалімді қоспағанда) соның ішінде директор – 1, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – 1, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – 1, педагог-психолог – 1, әлеуметтік педагог – 1, тәлімгер – 1, жүйе әкімшісі – 1, алғашқы әскери техникалық дайындық оқытушысы – 1.

2024 жылдың 2 қыркүйегі бекітілген штаттық кестеге сәйкес төмендегідей педагогикалық ұжыммен жасақталған: штаттағы педагогтар саны – 24, соның ішінде директор – 1, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары –

1, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – 1, педагог-психолог – 1, әлеуметтік педагог – 1, тәлімгер – 1, жүйе әкімшісі – 1, алғашқы әскери техникалық дайындық оқытушысы – 1.

Диплом бойынша мамандықтың оқытылатын пәндерге сәйкестігін талдау келесі нәтижелерді көрсетті: барлық 22 мұғалім тиісті профильдер бойынша сабақ береді. Соттылықтың жоқтығы туралы барлық 24 педагогтың анықтамалары бар (соның ішінде 1 педагог-психолог, 1 әлеуметтік педагогпен қоса есептегенде және 2 қоса атқарушы педагогтерді есептелмегенде), жаңадан келген әрбір қызметкерден жұмысқа осы құжат талап етіледі. Жасалған шарт негізінде мектептің педагогикалық ұжымы жыл сайын Жаңаарқа ауданының емханасында медициналық тексеруден өтеді. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқужылдарының басында барлық педагогтің жұмысқа рұқсаты бар, барлық медициналық кітапшалары бар.

**Оның ішінде:** жынысы бойынша:

ер педагогтар – 6 (27%)

әйел педагогтар – 16 (72,7%)

Барлық педагог қызметкерлерінің жеке іс құжаттары (жеке куәлік, диплом, еңбек кітапшасы, санатты растайтын куәлік және бұйрықтар, біліктілікті арттыру сертификаттары, медициналық кітапша)

[https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1wMepSmtUwBXOggc8\\_H9h0CX8rsoUTurc](https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1wMepSmtUwBXOggc8_H9h0CX8rsoUTurc)

### **Бастауыш буын (1-4 сыныптар)**

Мектепте педагог-сарапшылардың бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі 33,3% құрайды. Бастауыш білім беру педагогтердің саны – 6 мұғалімді құрайды. Соның ішінде: педагог-зерттеуші - жоқ, педагог-сарапшы – 2, педагог-модератор 3, санатсыз – 1 (зейнеткерлік жаста).

### **Негізгі орта буын (5-9 сыныптар)**

Негізгі орта буында педагогтердің жалпы саны – 15

педагог-сарапшылардың үлесі – 6,6 %

педагог-зерттеуші – жоқ, педагог-сарапшы -1, педагог-модератор- 10, санатсыз – 4 (3 жас маман)

### **Жалпы орта буын (10-11 сыныптар)**

Жалпы орта буында педагогтердің жалпы саны – 10

педагог-сарапшылардың үлесі – 10 %

педагог-зерттеуші – жоқ, педагог-сарапшы -1, педагог-модератор- 7, санатсыз – 2 (2 жас маман)

2024-2025 оқу жылында мектепте 24 (оның ішінде 2 – қоса атқарушы Ендаманова Жанна Зарлыковна – орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Иманова Бакыт Серикбаевна - орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі) педагогикалық қызметкер жұмыс істейді.

Оның ішінде жоғары білімді – 21 (87,5%),

орта арнаулы білімі бар – 3 (12,5%).

Мектепте магистр – жоқ.

### Білімі бойынша мұғалімдердің сандық және сапалық құрамы

Білімі	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
Жоғары	16	14	19
Арнайы орта	5	5	3

2022-2023 оқу жылынан кейін 2 жоғары білімі бар мұғалімдер кетті. Біреуі басқа жұмысқа ауысуына, екіншісі денсаулығына байланысты.


**Ескерту:** штаттық кесте бойынша 1 педагог-психолог, 1 әлеуметтік педагог, 1 тәлімгер есептелінген жоқ.

2023-2024 оқу жылында мектебімізге арнаулы орта білімі бар жаңадан қазақ тіл мен әдебиеті пәнінен 1 жас маман келді. Арнаулы орта білімі бар дене шынықтыру пәні мұғалімі жоғары білімі туралы диплом алды.

**Ескерту:** штаттық кесте бойынша 1 педагог-психолог, 1 әлеуметтік педагог есептелінген жоқ.

2024-2025 оқу жылында мектебімізге 4 жас маман келді. Орыс тілі мен әдебиет пәні маман жетіспеуіне 2 қоса атқарушы педагогтер жұмыс атқарады.

**Ескерту:** штаттық кесте бойынша 1 педагог-психолог, 1 әлеуметтік педагог есептелінген жоқ.




Мектеп педагогикалық кадрлармен негізінен толық қамтамасыз етілген. 2024-2025 оқу жылында педагогикалық кадрларға бос жұмыс орындарына қажеттілік бар (математика), бұл жөнінде мектеп сайтына және әлеуметтік желі парақшаларына конкурс жарияланған болатын.

### Мұғалімдердің педагогикалық еңбек өтілі бойынша сандық және сапалық құрамы

Педагогикалық өтілі	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
3 жылға дейін	1 (4,7%)	1 (5%)	4 (18%)



3 жылдан 8 жылға дейін	2 (9,5%)	2 (10,5%)	2 (9%)
9 жылдан 16 жылға дейін	6 (28,5%)	2 (10,5%)	3 (13,6%)
17 жылдан 20 жылға дейін	0	3 (15,7%)	3 (13,6%)
20 жылдан жоғары	13 (62%)	12 (63%)	10 (45,5%)
<b>Барлығы</b>	<b>21</b>	<b>19</b>	<b>22</b>




Еңбек өтілі бойынша сапалық құрамның мониторингі кейінгі 3 жылда еңбек жолдарын жаңа бастаған мамандар санының артуын және 20-25 жыл еңбек өтілі бар педагогтердің санының біртіндеп кемуін көрсетеді. Бұл зейнеткерлік жасқа жеткен мұғалімдердің еңбектен қол үзуімен түсіндіріледі.

### Мұғалімдердің жасы бойынша сандық құрамы

	2024-2025 оқу жылы	%
20 - 25 жас	5	22,7%
25 – 40 жас	4	18%
40 – 50 жасқа дейін	6	27,2%
50 – 60 жасқа дейін	4	18%
60- тан жоғары	3	13,6%
<b>Барлығы</b>	<b>22</b>	<b>100%</b>


### Педагогтердің жасы бойынша сандық құрамы



Педагогтердің жасы бойынша құрамын саралағанда 20 жас – 40 жас аралығындағы педагогтердің үлесі 41% (9 педагог) құрайды. Осы себептен бала күтімі бойынша декреттік демалысқа шығатын педагогтердің де саны артуда, бұл сәйкесінше педагогтердің уақытылы біліктілік арттыру курстарынан және біліктілік санаттарын көтеруге кері әсерін тигізетіні анық.

### Педагог қызметкерлердің біліктілік санаты бойынша сандық және сапалық құрамы

Білікті санат	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
Педагог– зерттеуші	0	0	0
Педагог– сарапшы	4	3	3
Педагог–модератор	1	8	13
Педагог/санатсыз	8	6	6
Жоғары	-	-	-
Бірінші	6	1	-
Екінші	2	1	-
Барлығы	21	19	22



**Ескерту:** штаттық кесте бойынша 1 педагог-психолог, 1 әлеуметтік педагог есептелінген жоқ.

2022-2023 оқу жылында 1 педагог-сарапшы (қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Кульмағанбетова С.К.) денсаулығына байланысты өз өтініші бойынша жұмыстан босатылды.

2022-2023 оқу жылына 13 педагог аттестаттауға өтініш берді. Оның 7 педагог (Г.Т.Ахметова (химия), Б.Т.Муханова (физика), А.Т.Ахметова (математика), Г.Ж.Коскулакова (бастауыш сынып), А.С.Саматова - шетел тілі (ағылшын), Г.Ж.Исканова (биология), Ш.Ш. Жакупова- бастауыш сынып) педагог- модератор санатын алса, 1 педагог (Рысбекова К.С.) педагог-сарапшы санатын растады. Г.Т. Ахметова, А.Т.Ахметова, Б.Т.Муханова, Г.Ж.Коскулакова, К.С.Рысбекованың еңбек өтілдері 30 жылдан астам болғандықтан тестілеуден босатылды. Ал, қалғаны 4 педагог «педагог-модераторға» өтініш берген шетел тілі пәнінің мұғалімі М.Ж.Рахимкулов (педагогикалық еңбек өтілі 15 жыл), дене шынықтыру пәні мұғалімі С.О.Болатов (педагогикалық еңбек өтілі 4 жыл), бастауыш сынып мұғалімі Г.У.Куртбаева (педагогикалық еңбек өтілі 16 жыл), әлеуметтік педагог С.А.Жунисова (педагогикалық еңбек өтілі 11 жыл) және «педагог-сарапшыға» өтініш берген педагог-психолог А.Т.Мамраева (педагогикалық еңбек өтілі 16 жыл) педагогтердің бағалау тестілеуінен өткенімен қажетті балл жинай алмады. С.А.Жунисова екінші біліктілік санатынан, А.Т.Мамраева бірінші біліктілік санатынан «санаты жоқ» төмендетілді.

2023-2024 оқу жылында 6 педагог тесттен өтіп (шетел тілі пәнінің мұғалімі Рахимкулов М.Ж, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Болатов С.О, бастауыш сынып мұғалімі Куртбаева Г.У, көркем еңбек пәнінің мұғалімі Абдурахмонова Ф.С, информатика пәні мұғалімі Бакарамов Б.Ж.) «педагог-модератор» санатын алса, 1 педагог (бастауыш сынып мұғалімі Мамыраева Ж.Т) «педагог-сарапшы» санатын растады. «Педагог-модераторға» өтініш берген педагог-психолог А.Т.Мамраева (педагогикалық еңбек өтілі 17 жыл) педагогтердің бағалау тестілеуінен өткенімен қажетті балл жинай алмады. Орыс тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Н.Муханова зейнеткерлік жасқа толуына байланысты өзінде бар екінші санатынан «санаты жоқ» төмендетілді. Біліктілік санаты жоқ география пәні мұғалімі Э.С.Исабаева бала күтімі демалысында отырғандықтан 2024-2025 оқу жылына қалдырылды.

2024-2025 оқу жылында 2 педагог аттестаттаудан өтуі міндетті, олар:

1. Мамраева Айткуль Тайгозаевна – педагог-психолог, 2024 ж. тестілеуден өтті, қажетті балл жинамады.
2. Эльмира Сагынтаевна Исабаева – география пәні мұғалімі

Биылғы оқу жылында кезектен тыс аттестаттауға 6 мұғалім «педагог-сарапшы» санатына өтуге өтініші білдірді. Олар, физика пәні мұғалімі Б.Т.Муханова, биология пәні мұғалімі Г.Ж.Исканова, шетел тілі (ағылшын) пәні мұғалімі А.С.Саматова, көркем еңбек пәні мұғалімі Ж.Ж.Кунанбаев, бастауыш сынып мұғалімдері Г.Ж.Коскулакова мен Ш.Ш.Жакупова. 2024 жылдың 27 қыркүйек күні Ж.Ж.Кунанбаев пен Ш.Ш.Жакупова педагогтерді бағалау тестілеуінен өтіп қажетті балл жинады.

Мектеп бойынша педагогтардың біліктілігін арттырудың перспективалық жоспары жасалды, ол директор бекіткен педагогтарды қабылдау мен жұмыстан босатуды ескере отырып, жыл сайын жаңартылып отырады.

Сапалық құрамның осы бағытын талдай отырып, келесі жағдайды анық байқауға болады: модераторлардың жыл сайынғы өсуі. Ескі жүйе бойынша жоғары, бірінші, екінші санаты бар мұғалімдердің жоқ.

Зейнеткерлік жастағы мұғалімдердің зейнеткерлік демалысқа шығуына байланысты, олардың орнына ешқандай еңбек өтілі жоқ, санаты жоқ жас мұғалімдердің келуіне қарай, 2024-2025 оқу жылында санаты жоқ мұғалімдер санының өсуі байқалады.

2022-2023 оқу жылы аттестаттау бойынша перспективалық жоспар  
<https://drive.google.com/drive/u/0/folders/13N14kQc7SgxECy1b7OUIZcMmU4PfUdkc>

2023-2024 оқу жылы аттестаттау бойынша перспективалық жоспар  
<https://drive.google.com/drive/u/0/folders/10CRwODbCtsLkurpDnQ0MRkJ9SOsmTkPR>

2024-2025 оқу жылы аттестаттау бойынша перспективалық жоспар  
<https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1sPDV7fXxTaJF3g6m9oYXhXNFqo2PFMp4>

Мұғалімнің кәсіптік деңгейін көтеру барысында әр жылы жоспар бойынша педагогтер білімдерін жетілдіру үшін арнайы біліктілікті арттыру курстарына толық қатысты. Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыруда біліктілікті арттыру курстары «Өрлеу» ҰБАО» акционерлік қоғам базасында және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталықтарында мектеп әкімшілігі жоспарлы түрде біліктілікті арттыруды қамтамасыз етеді. Біліктілікті арттыру курстарынан өтудің перспективалық жоспары бойынша жүйелі түрде жүргізіледі.

2022-2023 оқу жылы курс бойынша перспективалық жоспар  
[https://drive.google.com/drive/u/0/folders/12ddVC8TNTfW6-NQA\\_8o2B\\_StvdqH2NUz](https://drive.google.com/drive/u/0/folders/12ddVC8TNTfW6-NQA_8o2B_StvdqH2NUz)

2023-2024 оқу жылы курс бойынша перспективалық жоспар  
<https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1stxc0J-bGfczrH7V273fT4kfocdtszUG>

2024-2025 оқу жылы курс бойынша перспективалық жоспар  
[https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1Ylhvk\\_WgOXb7E-Z0mfD35uLiX\\_idXJAT](https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1Ylhvk_WgOXb7E-Z0mfD35uLiX_idXJAT)

Кадрлармен алдын ала жасақтау және жаңа оқу жылына жүктемелер әрбір ағымдағы оқу жылының мамыр айында өткізіледі. Бұл мұғалімдерге өздерінің перспективалық жосапрларын құруға және жаңа оқу жылына арналған қызметтің басым бағыттарын белгілеуге мүмкіндік береді.

### Жас мамандар туралы

2022-2023	2023-2024	2024-2025
Жоқ	1 педагог Мубарак Улболсын – қазақ тілі, әдебиеті	4 педагог 1. Жунисова М.А. – қазақ тілі, әдебиеті 2. Мейрамова Ж.М. – қазақ тілі, әдебиеті 3. Канапиев Н.Ж. – дене шынықтыру 4. Терлікбай Е.Д. - АӘТД

2024-2025 оқу жылында 2 қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері, 1 дене шынықтыру пәні мұғалімі, 1 алғашқы әскери технологиялық және дайындық пәні бойынша барлығы 4 жас маман жұмысқа қабылданды. Оқу жылына арналған жас мамандармен жұмыс жоспары құрылған.

### Келген - кеткен педагогтер туралы мәліметтер

#### 2022-2023 оқу жылы

	Аты- жөні	Лауазымы	Жұмысқа қабылданған күні, бұйрық №	Жұмыстан шыққан күні, бұйрық № ,
1	Кульмаганбетова Сайлаугуль Картаевна	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі		25.05.2023 ж №24
2	Жунисова Сания Аскарарна	Әлеуметтік педагог		17.11.2023 ж №68

#### 2023-2024 оқу жылы

	Аты- жөні	Лауазымы	Жұмысқа қабылданған күні, бұйрық №	Жұмыстан шыққан күні, бұйрық № ,
1	Мубарак Улболсын	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	31.08.2023 ж №35	17.07.2024 ж №29
2	Ермекбаева Гульнара Жанабаевна	Мектепалды даярлық мұғалімі		31.07.2024 ж. №31 Зейнеткерлік жас
3	Хасенов Габдулла Каиржанович	АӘЖТД, дене шынықтыру пәні мұғалімі		31.07.2024 ж №30 Зейнеткерлік жас
4	Муханова Нагима	Орыс тілі мен әдебиет пәні мұғалімі		31.07.2024 ж №32 Зейнеткерлік жас

#### 2024-2025 оқу жылы

	Аты- жөні	Лауазымы	Жұмысқа қабылданған күні, бұйрық №	Жұмыстан шыққан күні, бұйрық №
1	Мейрамова Жанар Мергенқызы	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	02.09.2024 ж №38	
2	Жунисова Макпал Аскарарна	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	02.09.2024 ж №40	
3	Канапиев Наурызбай Жанғалиевич	Дене шынықтыру пәні мұғалімі	02.09.2024 ж №42	
4	Терлікбай Ерболат Дүйсенбайұлы	АӘЖТД пәні мұғалімі	02.09.2024 ж №41	
5	Муханова Нагима	Бастауыш сыныпта орыс тілі пәні мұғалімі (уақытша, өндірістік қажеттілік, зейнеткер)	02.09.2024 ж №45	

**Қосымша жұмыс жағдайында жұмыс істейтін педагогтер және олардың оқу жүктемелері туралы мәліметтер:**

<b>2022-2023 оқу жылы</b>					
Реттік №	ТАӘ	Пәні	Қабылданған күні, бұйрық №	Босатылған күні, бұйрық №	Жүктеме
1	Жукенов Сабыржан Сагатович	қазақ тілі мен әдебиет	01.09.2022ж. №21	06.06.2023ж. № 26	8 сағат
<b>2023-2024 оқу жылы</b>					
1	Жукенов Сабыржан Сагатович	қазақ тілі мен әдебиет	31.08.2023ж. №34	19.06.2024ж. № 27	15 сағат
<b>2024-2025 оқу жылы</b>					
1	Ендаманова Жанна Зарлыковна	орыс тілі мен әдебиеті	02.09.2024ж №43		9 сағат
2	Иманова Бакыт Серикбаевна	орыс тілі мен әдебиеті	02.09.2024ж №44		10 сағат

### 3. Білім алушылар контингенті

Барлық оқушы контингенті	Оқу жылы		
	2022-2023	2023-2024	2024-2025
Оқу жылының басында	60	59	62
Оқу жылының аяғында	60	59	
Оқу жылы ішінде келгені	-	1	
Оқу жылы ішінде кеткені	-	1	

**Ескерту: ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар – жоқ.**

### Үш жылдағы сынып-жиынтықтарының саны

<b>2022-2023 оқу жылы - 10</b>		
1-4 сыныптар	5-9 сыныптар	10-11 сыныптар
1-сынып – 1	5-сынып – 1	10 -сынып – 0
2-сынып – 1	6-сынып – 1	11 -сынып – 1
3-сынып – 1	7-сынып – 1	
4-сынып – 1	8-сынып – 1	
	9-сынып – 1	
<b>2023-2024 оқу жылы - 10</b>		
1-4 сыныптар	5-9 сыныптар	10-11 сыныптар

1-сынып – 1	5-сынып – 1	10 -сынып – 1
2-сынып – 1	6-сынып – 1	11 -сынып – 0
3-сынып – 1	7-сынып – 1	
4-сынып – 1	8-сынып – 1	
	9-сынып – 1	
<b>2024-2025 оқу жылы - 11</b>		
1-сынып – 1	5-сынып – 1	10 -сынып – 1
2-сынып – 1	6-сынып – 1	11 -сынып – 1
3-сынып – 1	7-сынып – 1	
4-сынып – 1	8-сынып – 1	
	9-сынып – 1	

### Үш оқу жылындағы оқушылар саны

Білім беру сатылары	2022-2023	2023-2024	2024-2025
1-4 сыныптар	20	16	15
5-9 сыныптар	33	39	34
10-11 сыныптар	7	4	13
Барлық оқушы саны	60	59	62

### Әдістемелік ұсыным бойынша 8-қосымша

<https://drive.google.com/drive/folders/1aMJU4SEAu0T1nC6oLcvn6fZeIe9J8jo0?usp=sharing>

### 4. Оқу-әдістемелік жұмыс

2022-2023, 2023-2024 оқу жылында білім беру үрдісін жоспарлау және ұйымдастыру кезінде мектеп «Білім туралы», «Педагог мәртебесі» туралы, «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» ҚР-ның Заңдары басшылыққа алынады және осы үрдісті реттейтін нормативтік құжаттар негізінде оқыту үрдісі жүзеге асырылады. Мектептің жұмыс жоспары «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы (ҚР ОАМ 2022 жылғы 27 тамыздағы № 382 бұйрығымен өзгертілген) негізінде жасалды. Мектептің жылдық жұмыс жоспары жыл сайын тамыз айында өткізілетін педагогикалық кеңесте қаралады және оны мектеп директоры бекітеді. Мектеп жоспары 7 бөлімнен тұрады.

**2024-2025 оқу жылына арналған жұмыстың мақсаты:** оқу-тәрбие үрдісінде педагогикалық- инновациялық технологияларын қолдану негізінде оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды енгізе отырып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және оны қалыптастыру, ақыл-ойы

терең дамыған шығармашылықпен жұмыс істей алатын, дене бітімі және рухани дамыған тәрбиелі, сапалы біліммен қаруланған тұлға тәрбиелеу.

### **Міндеттері:**

- Балалардың денсаулығын қорғау ісіне, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына және оқу процесінің сапасын көтеруге қолайлы жағдайлар туғызуды қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасының Білім стандартын барлық оқушылардың меңгеруін қамтамасыз ету, білім беру мазмұны нәтижеге бағдарланған күзиретті білімге бейімдеу;
- Шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту;
- Мемлекеттік тілдің мәртебесі мен маңызын кеңінен насихаттау;
- Оқытудың маңызын, мақсат-міндеттерін мектеп мақсатына сәйкестендіру;
- Классикалық педагогикалық озық үлгілерін жаңа тиімді әдістермен толықтырып, оқу үрдісін ізгілендіру;
- Жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын көп басымдықтарды белгілеу, дарынды оқушыларды шығармашылық жұмыстарға бағыттау;
- Заман талабына сай оқушының өзін-өзі табуына, әлеуметтенуіне негізделген бағдарламалармен толықтыру;
- Білім сапасын 70% -ке жеткізу;
- Ы.Алтынсарин Ұлттық білім академиясы әзірлеген бағдарламаларды, функционалдық сауаттылықты дамыту бойынша тапсырмаларды, Smk.edu.kz, Bilimland.kz, Bilimclass.kz интернет ресурстарын пайдалану;
- Мұғалімдерге оқу мен оқыту үрдісінде топтық жұмысты жүргізу арқылы 5-11 сынып оқушылары арасында ашық сұрақ қою дағдысын қалыптастыру;
- Ата-аналар комитетін, оқушылар комитетін имандылық, ұлтжандылық, құқықтық, экономикалық тәрбие беру мақсатында жұмыстарды күшейту. Ата-аналармен бала тәрбиесіндегі отбасының рөлі жөнінде ашық пікір жүргізе отырып, қарым-қатынасты 50 пайызға нығайту;
- Материалдық-техникалық базаны дамытуға және нығайтуға, білім беру мекемесін қазіргі заман талабына сәйкес оқыту құралдармен және оқу жабдығымен қамтамасыз етуге ықпал ету.

### **Білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жөніндегі негізгі нормативтік құқықтық актілер**

2022-2023, 2023-2024 оқу жылында білім беру процесін іске асыру кезінде мектеп Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы" Заңдарын және басқа да заңнамалық актілерді басшылыққа алады.

Оқыту процесі мынадай нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі –



МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы);

- «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы);

- «Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы жалпы білім беру ұйымдарына арналған элективті курстар мен таңдау пәндері» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы);

- «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);

- «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы);

- «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы);

- «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы);

- «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы);

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы);

- «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығы);

- «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығы);

- «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы);

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 16

мамырдағы № 272 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар ҚР БҒМ 2020 жылғы 2 сәуірдегі №125 бұйрығымен енгізілген);

- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы; - «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығы);
- «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы №12 бұйрығы);
- «Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы);
- «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығы);
- «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы);
- «Жеңімпаздар, жүлдегерлер және оларды дайындаған педагогтер бюджет қаражаты есебінен біржолғы сыйақымен марапатталатын жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың тізбесін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №333 бұйрығы)
- «Орта білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығы);

### **Сабақ кестесі**

Мектептің жұмыс тәртібі – 5-күндік жұмыс аптасы (2022-2023 оқу жылы 5-күндік, 2023-2024 оқу жылы – 5 күндік, 2024-2025 оқу жылдары 5- күндік). Оқу 2 ауысымда өткізіледі. 2022-2023 және 2023-2024 оқу жылдары аралығында сабақ және қоңырау кестелері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес (Министрліктің бұйрықтарына сәйкес өзгерістер мен толықтырулармен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі No ҚР ДСМ-20 және 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76) сәйкес құрылған. Сабақ кестелері 2022-2023 оқу жылында «Bilimal» электронды журналына орналастырылды, 2023-2024 оқу жылында «BilimClass» электронды журналына енгізілді. Сабақ кестесі қамқоршылық кеңесінің төрағасымен келісіліп, мектеп директорымен

бекітілген. Оқу жылының әр тоқсанында мұғалімдердің келіп-кетуіне байланысты өзгерістер болып отырды.

### **2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарының сабақ кестелері мен қоңырау кестелерінің сілтемелері:**

2022-2023 оқу жылындағы сабақ кестесі

<https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1Wq08fTOmWJL1X9GJIQM6I3JICGC5AkMA>

қоңырау кестесі

[https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1exPGbyHvvnU1\\_6oU-00TonKMfMr5y1nB](https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1exPGbyHvvnU1_6oU-00TonKMfMr5y1nB)

2023-2024 оқу жылындағы сабақ кестесі

<https://drive.google.com/drive/folders/1bX2nkKMzdDKkASQFWwC2eZlqTvjfWg61?usp=sharing>

қоңырау кестесі

<https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1Uk-1m6q6EVypL17eVmOoy6DUy1tTadUU>

2024-2025 оқу жылындағы сабақ кестесі

<https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1-NBCOxLHnqU5I7K2KYq9q-8CoXwxG-4g>

қоңырау кестесі

[https://drive.google.com/drive/folders/1xvueG3mdBmzj\\_IbU2PflhffpLTz08I0T?usp=sharing](https://drive.google.com/drive/folders/1xvueG3mdBmzj_IbU2PflhffpLTz08I0T?usp=sharing)

### **Оқу жоспарлары 2022-2025 жж**

<https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1nCkTgkRWm91CxvB3PyTwbZbaiRXwuIAZb>

### **2022-2023 оқу жылының жұмыс оқу жоспары**

**Білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруды 2022-2023 оқу жылының бірінші жартыжылдығына арналған оқу жоспары төмендегі нормативтік құжаттарға сүйене отырып жасалды:**

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі - МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы);
- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы);
- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы);
- «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту арқылы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы);

## **Бастауыш білім беру**

1-4 сыныптардағы білім беру үрдісі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 500 бұйрығы бекітілген типтік оқу жоспарының 1-қосымшасымен жүзеге асырылды. Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарының оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1-сыныпқа мынадай өзгерістер енгізілді:

- «Әліппе» және «Ана тілі» пәндері оқытылады;
- «Шетел тілі» және «Орыс тілі» пәндері оқытылмайды;
- «Көркем еңбек» пәні екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері»;

## **5-11-сыныптардағы білім беруді ұйымдастыру**

5-9-сыныптардағы оқу үрдісі ҚР ОАМ 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 3 қосымша Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт және ҚР ОАМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 6 қосымша бекітілген типтік оқу жоспарына сүйеніп жасалған. 2022-2023 оқу жылында мектебімізде вариативтік компонент сағаттарының есебінен білім алушылардың 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыруды көздейтін «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы 5-8-сыныптарға 0,5 сағаттан, 9-сыныпта 1 сағат енгізілді.

Оқу қазақ тілінде жүргізілетін 11-сыныпта оқу жұмыс жоспары ҚР ОАМ 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 4 қосымша Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 86 қосымшаға сәйкес іске асырылды.

**Білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруды 2022-2023 оқу жылының екінші жартыжылдығына арналған оқу жоспары**  
(Ескерту: мектеп II-жартыжылдықта төмендетілген оқу жүктемесіне көшті)

## **Бастауыш білім беру**

1-4 сыныптардағы білім беру үрдісі ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы типтік оқу жоспарының 8-қосымшасымен жүзеге асырылды.

## **5-11-сыныптардағы білім беруді ұйымдастыру**

5-9 сыныптардағы білім беру үрдісі ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы типтік оқу жоспарының 13-қосымшасымен жүзеге асырылды.

11-сыныпта білім беру үрдісі ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы типтік оқу жоспарының 19-қосымшасы, ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 22-қосымша жүзеге асырылды.

## **2023-2024 оқу жылының жұмыс оқу жоспары**

Білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруды 2023-2024 оқу жылына арналған оқу жоспары төмендегі нормативтік құжаттарға сүйене отырып жасалды:

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

- «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы, 2022 ж. 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен);

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы, 21.11.2022 ж. №467 бұйрығы, 05.07.2023 ж. №199 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен);

- «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 202 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.08.2022ж. №376 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен);

- «2023-2024 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқаулық хат.

### **Бастауыш білім беру**

1-4 сыныптарда білім беру үрдісі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 500 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығымен өзгертілген) бекітілген типтік оқу жоспарының 11-қосымшасымен жүзеге асырылады.

### **5-11-сыныптардағы білім беруді ұйымдастыру**

5- 9-сыныптардағы оқу үрдісі ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 500 бұйрығымен бекітілген (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 13-қосымша өзгертілген) типтік оқу жоспарының 16-қосымшасымен жүзеге асырылады.

2023-2024 оқу жылында мектебімізде вариативтік компонент сағаттарының есебінен білім алушылардың 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыруды көздейтін

«Жаһандық құзыреттіліктер» курсы 5-8-сыныптарға 0,5 сағаттан, 9-сыныпта 1 сағат жалғастырады.

10-сыныпта оқу жұмыс жоспары ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 500 бұйрығымен бекітілген типтік оқу жоспарының 22-қосымшасына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығымен өзгертілген) сәйкес жасалды.

**Оқу жүктемесінің вариативтік компоненті** – білім алушылардың білімге деген қажеттіліктеріне сәйкес білім беру ұйымы айқындайтын үлгілік оқу жоспарының құрамдас компоненті.

Вариативтік компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі: 1-сыныпта – 2 сағатты; 2-сыныпта – 3 сағатты; 3-сыныпта – 2 сағатты; 4-сыныпта – 2 сағатты құрайды. Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен оқу пәні бойынша жүргізілетін таңдауы бойынша сабақтардың тақырыптарын мұғалім өз сыныбындағы білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін, білім деңгейлерін ескере отырып жасайды.

1 сыныпта 1 сағат «Көркем жазу», 1 сағат «Дене шынықтыру: спорттық ойындар»;

2 сыныпта 1 сағат «Қызықты грамматика», 1 сағат «Шахмат әлемі», 1 сағат «Дене шынықтыру: спорттық ойындар»;

3 сыныпта 1 сағат «Қызықты математика», 1 сағат «Дене шынықтыру: спорттық ойындар»;

4 сыныпта 1 сағат «Математика және логика», 1 сағат «Дене шынықтыру: спорттық ойындар»;

**Негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарындағы** вариативтік компонент сағаттары «Жаһандық құзыреттілік» 5-9 сыныптарда: 5-8 сыныптарда 0,5 сағаттан (екі аптада бір рет), оқу жылында 17 сағат оқу жүктемесі көлемінде, 9 сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат оқу жүктемесі көлемінде жүргізіледі. "Жаһандық құзыреттер" курсы білім алушылардың құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, әдеп нормалары мен мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді.

**7-9 сыныптардағы инвариантты компоненттен таңдалатын оқу пәндері:**

7 сыныптағы 3 сағат: 1 сағат биология; 1 сағат химия, 1 сағат көркем еңбек.

8 сыныптағы 3 сағат: 1 сағат шетел тілі, 1 сағат химия, 1 сағат «Шахмат».

9 сыныптағы 3 сағат: 1 сағат шетел тілі, 1 сағат биология, 1 сағат «Шахмат». 5-9 сыныптардағы «Дене шынықтыру: спорттық ойындар оқу пәнінің сағаттар саны әр сыныпта бір сағаттан, оқу жылында әр сыныпта 34 сағаттан.

**10-11 сыныптардағы инварианттық компоненттен таңдау бойынша пәндер:**

10 сыныпта 1 сағат химия, 1 сағат Қазақстан тарихы, 1 сағат шетел пәндеріне берілді. Оқу жылында 34 сағат оқу жүктемесі көлемінде жүргізіледі. 11 сынып болған жоқ.

Элективті курстан 10-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат оқу жүктемесі көлемінде «Алтын арқа» жобасына берілді. «Дене шынықтыру: спорттық ойындар» оқу пәні бойынша 10 сыныпта 1 сағат:

### **2024-2025 оқу жылының жұмыс оқу жоспары**

2024-2025 оқу жылын арналған оқу жоспары төмендегі нормативтік құжаттарға сүйене отырып жасалды:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

- «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы;

- **бастауыш сыныптарда оқу үрдісі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 8 ақпандағы № 27 бұйрығының 6-қосымшасына** (ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы 11-қосымша) сәйкес жүргізіледі.

- **негізгі және жалпы орта білім берудің оқу үрдісі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы № 323 бұйрығының 16-қосымшасы, 22 қосымшасына** (ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына) сәйкес жүргізіледі.

- «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы, № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістері қолданылады.

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына сәйкес іске асырылады.

**Оқу жүктемесінің вариативтік компоненті** – білім алушылардың білімге деген қажеттіліктеріне сәйкес білім беру ұйымы айқындайтын үлгілік оқу жоспарының құрамдас компоненті.

Вариативтік компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі: 1-сыныпта – 2 сағатты; 2-сыныпта – 3 сағатты; 3-сыныпта – 2 сағатты; 4-сыныпта – 2 сағатты құрайды. Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен оқу пәні бойынша жүргізілетін элективтік курстардың тақырыптарын мұғалім өз сыныбындағы білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін, білім деңгейлерін ескере отырып жасайды.

1 сыныпта 1 сағат «Математикалық логика», 1 сағат «Дене шынықтыру: спорттық ойындар»;

2 сыныпта 1 сағат «Көркем жазу», 1 сағат «Бояулар сыр шертеді», 1 сағат «Дене шынықтыру: спорттық ойындар»;

3 сыныпта 1 сағат «Математика әлемінде»; 1 сағат ««Дене шынықтыру: спорттық ойындар»»,

4 сыныпта 1 сағат «Математика және логика», 1 сағат «Дене шынықтыру: спорттық ойындар».

**Негізгі орта білім берудің** үлгілік оқу жоспарындағы вариативтік компонент сағаттары «Жаһандық құзыреттілік» 5-9 сыныптарда: 5-8 сыныптарда 0,5 сағаттан (екі аптада бір рет), оқу жылында 17 сағат оқу жүктемесі көлемінде, 9 сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат оқу жүктемесі көлемінде жүргізіледі.

**7-9 сыныптарда инвариантты компоненттен таңдау** бойынша пәндер білім алушылардың ерте кәсіби бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында вариативті компонентте инвариантты компоненттен таңдалатын оқу пәндерінің келесі комбинациясына берілді:

7 сыныпта: "Химия", "Биология" және инвариантты компоненттен 1 сағат "Қазақ тілі" пәніне.

8 сыныпта: "Химия", "Биология" және инвариантты компоненттен 1 сағат "Көркем еңбек" пәніне.

9 сыныпта: "География", "Шетел тілі" және инвариантты компоненттен 1 сағат "Қазақ әдебиеті" пәніне.

«Дене шынықтыру: спорттық ойындар» оқу пәнінің сағаттары 5-9 сыныптарда 1 сағаттан.

**10-11 сыныптарда инвариантты компоненттен таңдау** бойынша пәндер:

10 сыныпта 1 сағат биология, 1 сағат қазақ әдебиеті, 1 сағат шетел тілі пәндеріне берілді.

11 сыныпта 1 сағат биология, 1 сағат қазақ тілі, 1 сағат Қазақстан тарихына берілді.

«Жаһандық құзыреттілік» 10-11 сыныптарда аптасына 1 сағаттан, оқу жылында 34 сағаттан оқу жүктемесі көлемінде жүргізіледі.

Элективті курстар 10 сыныпта 1 сағат «Әлемдік география» және 11 сыныпта 1 сағат «Химия және тамақтану» курстарына берілді.

«Дене шынықтыру: спорттық ойындар» оқу пәнінің сағаттары 10-11 сыныптарда 1 сағаттан.

**«Өмір қауіпсіздік негіздері» міндетті оқу курсы**н оқыту туралы.

2022-2023, 2023-2024 оқу жылы «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» кіріктірілген оқыту курсы оқу міндетті және төмендегідей жүзеге асырылады:

- 1-4 сыныптарда «Дүниетану» пәні бойынша бастауыш сынып мұғалімдері: жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарда – 6 сағат, 4 сыныпта – 10 сағат көлемінде;



- 5-9 сыныптарда «Дене шынықтыру» пәні бойынша дене шынықтыру пәні мұғалімдері: жылдық оқу жүктемесі 15 сағат көлемінде;
- 10-11 сыныптарда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша алғашқы-әскери және технологиялық дайындық пәні мұғалім-ұйымдастырушысы: жылдық оқу жүктемесі 10 сыныпта – 12 сағат, 11 сыныпта – 16 сағат көлемінде.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» сабақтары міндетті болып табылады және оқу уақытында өткізіледі. «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсының тақырыптары электронды сынып журналында және жоғарыда аталған оқу пәндерінің тақырыптарымен бір мезгілде оқу пәндері бойынша күнтізбелік тақырыптық жоспарда көрсетілген.

Мектептің қауіпсіздігі педагогикалық ұжымның қызметінде басты болып табылады. Сондықтан, мектептің қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету, оқу-тәрбие үдерісіне қажетті жағдай жасау, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында жыл сайын (жылына екі рет) ТЖ қызметкерелінің қатысуымен оқу-жаттығу сабақтары, оқушылармен әңгімелесу, сабақтар өткізіледі.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 2018 жылғы жаңартылған мазмұн бойынша жалпы орта білім беру деңгейінің 1-11 сыныптарына арналған «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» білім беру бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады.

#### **«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсы жүзеге асыру туралы**

«Жолда жүру ережелері» оқу курсы Мемлекеттік білім беру стандартының ережелері негізінде жүзеге асырылады, оған сәйкес «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны 1-4-сыныптарда - 6 сағаттан әр сыныпта сынып жетекшінің жылдық жұмыс жоспарында тақырып пен күндерді көрсетіле отырып, сынып сағаттары мен сабақтан тыс уақыт есебінен сынып жетекшілерімен жүзеге асырылады. 5-8-сыныптарда әр сыныпта сынып сағаттары есебінен және сыныптан тыс сағаттарда сынып журналының жеке бетінде сабақтардың тақырыбы мен күні көрсетіліп, 10 сағаттан оқытылады.

Балалардың жол-көлік жарақатының алдын алу жұмыстарын жандандыру мақсатында мектептің тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес профилактикалық жұмыстар жүргізілуде. Жол-көлік оқиғаларының алдын алу жұмыстары 1-8 сыныптарда бекітілген бағдарлама бойынша жүргізілуде, басты мақсат – жолда және көшелерде қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, балалар мен ата-аналардың жол-көлік мәдениетін арттыру. Сынып жетекшілермен жолда жүру ережелерін сақтау және тәрбиелеу мақсатында сабақтан тыс қосымша білім беру сынып сағаттарында «Жолда жүру әліппесі», «Жол белгілері», «Абайла-жаяу жүргінші»

#### **Вариатив сабақтардың кестелері:**

**2022-2023 оқу жылы**

<https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1C-IEhOt0V6pLZtIM6eP-FPKDX7hXYfMs>

**2023-2024 оқу жылы**

[https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1A\\_m-JEpzWXqbPS3-IPePnptAhv3WhAMc](https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1A_m-JEpzWXqbPS3-IPePnptAhv3WhAMc)

**2024-2025 оқу жылы**

<https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1SfI9UQNjFiWscqcmGWzpohQItbUmlT4I>

### Жалпы білім беретін пәндерден олимпиадаға қатысу

Көктал жалпы білім беретін мектебі 1987 жылы салынған. Білім беру ғимараты екі қабатты. 320 оқушыға арналған. Ғимарат қабырғалары панельдер, ірге тасы блоктар, шатыры плита (профлис). Терезелері үлкен, сынып бөлмелері жарық. Мектепте 21 сынып бөлмесі бар. Оның 2 бастауыш сынып, химия кабинеті (2014ж) физика кабинеті (2007ж), кітапхана бар 15 орындық, работатехника (2018ж), АКТ зал 60 орындық, асхана 32 орындық жұмыс істеп тұр. Медициналық бөлме бар 22,4 ш.м, мектептің жылу жүйесі жергілікті, су жергілікті (скважена) Мектептегі сынып бөлмелері парта және орындықтармен жабдықталған, инвентаризация жасалып инвертар нөмерлері қойылған.

Мектепте 18 бейне бақылау орнатылған, оның ішінде 14 іште, 4 сыртта. Автоматты өрт дабылы дыбыстық хабарландыру орнатылған.

- Компьютер саны барлығы - 53.
- 1 компьютерге 2 оқушыдан.
- Ноутбуктер саны барлығы -18.
- 2 нүкте арқылы кең жолақты интернетке қосылған: Старлинк және Қазақтелеком.
- 10 компьютерге интернет желісі таратылған.
- Әр мұғалімге 1 компьютерден берілген.

**Мектебіміздің материалдық- техникалық базасы нығайтылды:**

**2022-2023 оқу жылдары.**

Принтер МФУ -1 шт

Су жылытқыш-1 шт

Холодильник -1 шт

Компьютер -5 шт

Тігін машинасы -5 шт

**2023-2024 оқу жылдары.**

Теннис үстелі -1

Гимнастикалық ат -1

Гимнастикалық козел -1

Гимнастикалық маталар -1

Футбол добы -8 шт

Волейбол добы -8 шт  
Шаңғы -5 шт  
Тоғызқұмалақ -3 шт  
Дойбы -3 шт  
Шахмат -3 шт  
Үстел теннисіне арналған ракетка- 2шт  
Волейбол сеткасы -1

#### **Әдістемелік ұсынымдарға 10- қосымша**

[https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1zjVTBXHQDCImYNC\\_CzAn896qiV2JDisy](https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1zjVTBXHQDCImYNC_CzAn896qiV2JDisy)

#### **Әдістемелік ұсынымдарға 11- қосымша**

[https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1wX\\_2fUUK5ONyUXhWPMYV8kpcbXBWTvqY](https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1wX_2fUUK5ONyUXhWPMYV8kpcbXBWTvqY)

### **5. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор.**

Кітапхана күн сайын жаңалыққа толы сәттер, яғни жаңа келген газет, журналдар, жаңа кітаптар және күн сайын келіп кітап алып жатқан оқушы, мұғалімдер легі тағы да басқа. Балалармен жұмыс жасай отырып, кітапқа деген құрметі мен сүйіспеншілігін қалыптастыру, оларға кітаптармен жұмыс жасай білуді үйрету – кітапхананың негізгі міндеті. Оқу арқылы әлеуметтік құны бар, мәдениетті, рухани бай, жетілген, ағартушы адам пайда болады. Кітапхананың басты мақсаты отбасымен, мектеп, көпшілік ақпарат құралдарымен бірлесе отырып, жоғары талантты оқырман тәрбиелеу, олар адамгершілігі мол, интеллектуалды, әдеби шығармалардағы тәжірибелерді ала беретін болуы керек.

Мектеп кітапханасы оқушылардың шығармашылық жұмыстары мен шұғылдануына көп ықпалын тигізеді. Кітапханада көптеген іс-шаралар өткізіліп, көрмелер ұйымдастырылады.

#### **Кітапхана құрылымы**

1. Кітапхана қоймасы
2. Абонемент
3. Фойедегі оқу алаңдары – жоқ

#### **Кітапхананың міндеттері:**

- Оқырманның жеке тұлға ретінде дамуында кітапхананың рөлін дамыту;
- Тұтынушылармен жеке жұмыс жүргізу;
- Кітапхана қорын қолданыстағы оқу бағдарламаларына сәйкес толықтыру;
- Мектептің қауымдастығын жеке және қоғамдық қажеттіліктеріне сай дамыту;

- Ақпаратты жылдам табу үшін қорлармен толықтыру, шамасына қарай анықтамалық материалдармен, сілтемелермен қамтамасыз ету;
- Қорларды дәстүрлі, баспа түрінде және сандық (электронды) түрде қамтамасыз ету;
- Мұғалімдермен қорлар ұсынуда, оқушыларға көмек көрсетуде ынтымақтастықта болу;
- Оқырманды кітап оқуға қызықтыруда белсенді болу.

#### **Кітапхана жұмысының мақсаты:**

- педагогикалық ұжыммен жұмыс жасау;
- кітапханаға оқушыларды тарту;
- кітапхананың ақпараттық жұмысын жандандыру;
- сыныптан тыс оқу;
- оқу әдебиетімен қамтамасыз ету;
- күнтізбедегі атаулы күндерге сәйкес әдебиеттерді насихаттау;
- кітапханаға саяхат ұйымдастыру;

#### **Мектеп кітапханасының материалдық базасы**

1. Кітапхана екінші қабатта орналасқан
2. Кітапхана ауданы (шаршы метр) –59,0
3. Кітапхана қоймасы (шаршы метр) – 12
4. Кітапханашыға арналған стол – 1
5. Орындық жалпы саны – 7
6. Кітап қоятын сөре – 13
7. Көрме жасайтын сөре -2
8. Компьютер қоятын стол – 1
9. Компьютерлер - 1
10. Принтер -1

Мектеп кітапханашы – Исабаева Эльмира Сагинтаевна, жалпы еңбек өтілі – 12 жыл, кітапханадағы еңбек өтілі - 8 жыл.

#### **Кітапхананың нормативтік құжаттары**

1. Мектеп кітапханасы туралы Ереже
2. Мектеп кітапханасын пайдалану қағидалары
3. Кітапхана меңгерушісінің лауазымдық нұсқаулығы
4. Мектеп кітапханашысының лауазымдық нұсқаулығы
5. Мектеп кітапханасы жұмысының жоспары
6. Мектеп кітапханасы жұмысының жылдық есебі
7. Мектеп кітапханасының нормативтік-құжаттары
8. Есептік құжатнаманың бар жоғы



9. Кітапхананың негізгі қорының жиынтық есеп кітабы
10. Мүкәммал кітаптары
11. Мүкәммал кітабына жазылуға жатпайтын басылымдардың есеп дәптері (кітапшалар қоры-көлемі 48 параққа дейінгі басылымдар)
12. Оқырмандардың жоғалтқан кітаптарының орнына алынған кітаптардың және басқа да құжаттардың есеп дәптері
13. Негізгі әдебиеттердің жеткізілгені туралы шоттар мен накладнойлары
14. Негізгі кітапхана қорының қозғалысы (есептен шығару, өткізу және т.б.) актілерінің папкасы
15. Мектеп кітапханасының жұмыс күнделігі
16. Библиографиялық анықтамаларды есепке алу журналы
17. Оқулықтарды тапсырыс бланкілерінің көшірмесі бар пәпке
18. Оқулықтар қорының жиынтық есеп кітабы
19. Оқулықтардың жеткізілгені туралы накладной көшірмелері бар пәпке
20. Уақытша сақталатын оқулықтар қорының есеп дәптері
21. Оқулықтар қорының қозғалысы (есептен шығару, өткізу) актісі
22. Сыныптар бойынша оқулықтар беру журналы
23. Мектеп кітапханашысының активтері

**Оқу, көркем және ғылыми әдебиет қорының болуы туралы мәліметтер.**

**Әдістемелік ұсынымдарға 12 қосымша**

[https://drive.google.com/drive/folders/1iK0y\\_7VmUTXnOOvZ5OuiY-RVEz-VWGI?usp=sharing](https://drive.google.com/drive/folders/1iK0y_7VmUTXnOOvZ5OuiY-RVEz-VWGI?usp=sharing)

Көрсеткіштер	2022 -2023 оқу жылы	2023 -2024 оқу жылы	2024 -2025 оқу жылы
Кітаптар саны (мектеп оқулықтарын, көркем әдебиеттерді, кітапшаларды, журналдарды қосқанда)	Жалпы кітап қоры - 2865 Оқулық – 1471 Әдеби кітап қоры - 2865	Жалпы кітап қоры - 3081 Оқулық – 1567 Әдеби кітап қоры - 1514	Жалпы кітап қоры - 3167 Оқулық – 1599 Көркем әдебиет қазақ тілінде - 500 Ғылыми көркем әдебиет - 50
Жыл бойы түскен оқулықтар, мұғалім кітаптары, әдеби кітаптар	Оқулық – 312 5 37	Оқулық – 230 6 17	Оқулық – 82 53
Жыл бойы шыққан оқулықтар	Есептен шыққан оқулық саны – 293	Есептен шыққан оқулық саны - 134	Есептен шыққан оқулық саны - 50

## Оқушылардың оқулықпен қамтылуы


№	Оқу жылы	Оқушылардың саны	Қамтылуы %	Жетпегені
1	2022 – 2023	65	100	0
2	2023 – 2024	59	100	0
3	2024 – 2025	62	100	0

## Кітапхана қорындағы оқулықтар, көркем-ғылыми әдебиеттің тізбесі

Оқу жылы	Оқыр мандар саны	Кітапханаға келу саны	Берілген кітаптар саны	Қор айналымы	Кітаппен қамту	Келу саны	Оқылуы
2021- 2022		736	758	0,5	39	14,1	18,7
2022-2023		800	875	0,5	38	15,1	19,4
2023-2024		50	47	0,1	5,5	5,2	8,3

Мектеп кітапханасы, біріншіден, оқу үрдісіне қажетті ақпараттармен және құжаттармен қамтамасыз ететін болса, екіншіден, ол арнаулы кітапхана, үшіншіден, сол мектептің бүкіл педагогикалық жұмысын, мектеп оқушыларын мектеп бағдарламасына қосымша және бағдарламадан тыс ақпараттармен қамтамасыз ете отырып, көпшілік кітапхана қызметіне де жақындайды. Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, әр түрлі іс-шараларға қатысуға белсенділігін, қызығушылығын арттыруда қолданылатын әдіс-тәсілдер:

- 1.Кітап көрмелері
- 2.Жаңа кітаптармен таныстыру
- 3.Мәнерлеп оқу сайысы
- 4.Кітапханаға саяхат
- 5.Сұрақ – жауап
- 6.Әдеби кеш
- 7.Кітапханалық сабақтар
- 8.Жеке оқырманмен әңгімелесу
- 9.Дәстүрлі және жаңа кітапхана технологияларын меңгеру мен жетілдіру.
- 10.Мұғалім, ата-ана, оқушыларға ақпарат алуға кеңес беру арқылы көмек көрсету.
- 11.Ақпаратты жинау мен өңдеу, қолданушы мәліметіне жеткізу.
- 12.Кітапханадағы ақпарат көздерімен сыныптан тыс жұмыстарды жүргізу.
- 13.Қалалық семинарға, конкурстарға, педкеңестерге қатысу



Оқу жылы	Тұрақты көрме	Көрмелер	Көпшілік іс - шара	Оқуға құштар мектеп
2022-2023	«Абай дана, Абай – дара»	<b>Қыркүйек</b> Ахмет Байтұрсынов туғанына – 150 жыл. «Ұлт ұстазы-Ахмет»	<b>Қыркүйек</b> «Кітаппен әлем есігін ашамын»	<b>Қыркүйек</b> «Әлем таныған Әуезов», Бірге оқимыз!
	«Өзің оқы да, өзгеге ұсын». Буккроссинг	<b>Қазан</b> «М.Әуезовке-125 жыл», 25 қазан – Республика күні	<b>Қазан</b> Сәкен экспозициясына саяхат, «Біреуін ал да, екеуін өткіз» буккроссинг	<b>Қазан</b> «С.Сейфуллин табиғат жыршысы», А.Байтұрсынов «Маса» шығармасы
		<b>Қараша</b> Жаңадан түскен әдебиеттерден библиофреш	<b>Қараша</b> ОҚМ жобасы аясында. «Кітап білім бұлағы»	<b>Қараша</b> Ғабиден Мұстафин 120 жыл «Ұлт мақтанышы».
		<b>Желтоқсан</b> «Әлем ЖҚТБ туралы не дейді?», «Желтоқсан жаңғырығы»	<b>Желтоқсан</b> Кітап сыйлау акциясы	<b>Желтоқсан</b> М.Әуезов «Жетім» флешбук
		<b>Қаңтар</b> Жаңа кітаптармен таныс болыңыздар!	<b>Қаңтар</b> Сүйікті оқыған кітаптар бойынша сурет салу	<b>Қаңтар</b> «Мен оқыған үздік туынды».

		<b>Ақпан</b> «15 ақпан-Кеңес Әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылған күні»	<b>Ақпан</b> «Мұқағали – мәңгілік ғұмыр» .	<b>Ақпан</b> «Поэзия менімен егіз ба едің?»
		<b>Наурыз</b> «Алғысым шексіз,бәріңе»	<b>Наурыз</b> «Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні!»	<b>Наурыз</b> «Ана - гүл, ана – өмір шуағы».
		<b>Сәуір</b> «Ұлт пен дәуірдің ұлы тұлғасы» «Кітап саған қанат бітіреді»	<b>Сәуір</b> «Баланы кітап оқуға баулу жолдары.	<b>Сәуір</b> М.Жұмабаевтың 130 жылдығына орай «Мен жастарға сенемін!»
		<b>Мамыр</b> «Ерлік елге мұра,ұрпаққа ұран»	<b>Мамыр</b> Мен қандай оқырман болдым?	<b>Мамыр</b> Жылдың үздік оқырманы
<b>2023-2024</b>		<b>Қыркүйек</b> «Сәтбаев қаласына 50 жыл»	<b>Қыркүйек</b> «Тіл тағдыры-ел тағдыры»	<b>Қыркүйек</b> А.Байтұрсынов «Маса»
		<b>Қазан</b> Кітаптар әлеміне қош келдің,жас оқырман!	<b>Қазан</b> Ұстаз – ұлы тұлға	<b>Қазан</b> Сәкен шығармалар
		<b>Қараша</b> Төл теңгемізге - 30 жыл	<b>Қараша</b> Жаңа кітаптар әлеміне саяхат	<b>Қараша</b> С.Торайғыров 130 жыл. «Қамар сұлу»романы
		<b>Желтоқсан</b> ЖҚТБ-ғасыр індеті	<b>Желтоқсан</b> Қалың қалай,оқулық?	<b>Желтоқсан</b> «Желтоқсан-тәуелсіздіктің ұлы рухы»
		<b>Қаңтар</b> «Салауатты өмір салтын ұстанайық»	<b>Қаңтар</b> Менің оқыған кітаптарым	<b>Қаңтар</b> Ник Вуйчич Өмірде шектеу жоқ
		<b>Ақпан</b> Ауғанның от жалыны	<b>Ақпан</b> 14 сәуір-Кітап сыйлау күні	<b>Ақпан</b> Б.Соқпақбаев «Менің атым Қожа»
		<b>Наурыз</b> Қош келдің,әз-Наурыз!	<b>Наурыз</b> Ана- өмір бастауы	<b>Наурыз</b> Қазағымның салт-дәстүрлері
		<b>Сәуір</b> ҰБТ –ға дайындық	<b>Сәуір</b> Қалың қалай,оқулық?	<b>Сәуір</b> Ұлт пен дәуірдің ұлы тұлғасы

		<b>Мамыр</b> Бірлігіміз жарасқан.	<b>Мамыр</b> Ешкім де,ештеңе де ұмытылмайды	<b>Мамыр</b> Мен қандай оқырман болдым?
2021- 2022	«Менің отаным- Қазақстан»	<b>Қыркүйек</b> «Сәкен ұлтымыздың- мақтанышы»	<b>Қыркүйек</b> «Ұлылар тілі»	<b>Қыркүйек</b> Ы.Алтынсариннің 180жыл мүшайра
	«Оқуға күштар мектеп»	<b>Қазан</b> «Менің Республикам»	<b>Қазан</b> «Ұстаз болу жүректің батырлығы»	<b>Қазан</b> Тәуелсіздіктің күрбандары видео
		<b>Қараша</b> «Өз күқығыңды біліп, өзің қорға»	<b>Қараша</b> Жошы ұлысына 800 жыл «Кітап жаң - азығы»	<b>Қараша</b> М.Әуезов шығармаларына Буктрейлер
	«Елбасы бағыты- еліміздің бақыты»	<b>Желтоқсан</b> Тәуелсіздік күні	<b>Желтоқсан</b> «Қазақ халқының көшбасшысы Елбасы» конференция	<b>Желтоқсан</b> «Кітап әлемді бағындырады» Bookcrossing
		<b>Қаңтар</b> «Ертегілер еліне саяхат» Сурет көрмесі	<b>Қаңтар</b> М.Әуезов «Жетім» әңгімесі Буктрейлер	<b>Қаңтар</b> «Кітап алмастыру акциясы»
		<b>Ақпан</b> Ауғанның от жалыны	<b>Ақпан</b> «Мұқағали және ұлттық рух»	<b>Ақпан</b> М.Мақатаевқа арналған «Жырлайды жүрек» атты әдеби – сазды кеш өтті
	«Алаштың Акселеуі»	<b>Наурыз</b> «Қош келдің, әз – Наурыз » «Мейірім төгетін Ана»	<b>Наурыз</b> Ғ.Мүсірепов 120 жыл	<b>Наурыз</b> Ғ.Мүсірепов шығармашылығы
		<b>Сәуір</b> «Оқитын ел озық ел»	<b>Сәуір</b> Ұлылардан ұлағат Абай, Шәкәрім, Ы.Алтынсарин еңбектеріне библиографиялық шолу	<b>Сәуір</b> «Кітап алмастыру» акциясы
		<b>Мамыр</b> «Мың тағзым саған ұлы Жеңіс»	<b>Мамыр</b> «Акселеу биігі» тамымдық сәт	<b>Мамыр</b> А.Сейдімбек шығармаларына Буктрейлер

### **Өзін-өзі тәрбиелеу әрекет**

- Мектеп кітапханашыларының қалалық семинарлар мен практикумдарға белсене қатысу, тәжірибемен алмасу:
- Кітапханада қолданылатын заманауи әлеуметтік технологияларды меңгеру:
- Мерзімдік басылымдарда жарық көретін басылымдар және кәсіптік әдебиеттермен уақытында танысу.

### **Негізгі қормен жұмыс**

- Қор құрамымен танысу және оны қолдануына талдау жасау
- - Жаңа басылымдарды уақытында қабылдау, жүйелеу, техникалық тұрғыдан өңдеу және тіркеу
- Кітапхана қорын есептеу
- Оқырмандарға құжаттар толтыру
- Қормен жұмыс: қорды рәсімдеу (сөре, әліпби бойынша бөлу, рәсімдеу эстетикасы), сөрелерге дұрыс орналастыру, қорды тексеру, кітапхана оқырмандарға ақпараттың қол жетімді болуына жол ашу.
- Қорды жүйелі түрде ескі әдебиеттен тазалау.
- Тозған және ескі әдебиеттерді есептен шығаруды жоспарлы түрде жүргізу.
- Кітапхананы цифрландыру
- Оқырманмен жұмыс жасау
- Ерекше бағалы басылым қорын ұйымдастыру және олардың сақталуын жиі тексеріп отыру

### **Кітапхана қорының сақталуы**

- Жылына бір рет қордың сақталуын тексеру
- Мектептің білім беру бағдарламасына сәйкес басылым қорын жинақтау. 2025 жылға мерзімдік басылымдарға жазылу
- Кітапхана бойынша белсенді тұлғаларды басылымдарға жөндеу жұмысын жасау
- Қарыздар тізімін жасау
- Әдебиетке келтірілген шығынды белгіленген тәртіпте өтеуді қамтамасыз ету
- Кітапханадан алған басылымдарды уақытында қайтаруды жүйелі түрде бақылау
- Тазалық күндерін өткізу

### **Оқулықтардың сақталуы және жүргізілетін жұмыс түрлері**

- Оқу жылының басында сынып жетекшілері мен пән мұғалімдерімен бірге отырып сыныптарды оқулықпен қамтамасыз ету. 1-11 сыныптар аралығында
- Оқулықтардың таза ұсталуын сынып жетекшілерімен оқушылардан үнемі талап етіп отыру.

- Оқулықтардың тазалығын айына 1 рет оқушылардан ұйымдасқан белсенділермен біріге отырып тексеріп отыру
- Жыртылған оқулықтарды түптеу, өткізу,
- «Кітабыңды күтіп ұста»! деген тақырыпта еркін әңгімелесу
- «Кітап-білім бұлағы» атты ертеңгілігін төменгі сынып мұғалімдерімен бірігіп өткізу
- Қалалық білім бөлімінен бөлінген оқулықтарды дер кезінде алып, кітапхана есеп кітабына тіркеп, белгі соғып отыру
- Кітапхана қорынан жыртылған, оқу бағдарламасына сәйкес келмейтін оқулықтарды, оқуға жарамсыз әдебиеттерден тазартып отыру
- Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі білім беру ұйымдарында қолдануға ұсынылған оқулық басылымдарының тізбесімен жұмыс жасау
- Оқулықтарға тапсырыс жасау
- Оқушылар мен мұғалімдерді жаңадан түскен оқулықтар мен әдістеме құралдары туралы хабарлау
- Оқушылардың оқулықпен қамту жайлы есеп құжаттарын жасау
- Оқулық қорын сақтау мақсатында жұмыс жүргізу (сыныптар бойынша рейдтер)

### **Кітапхана белсенділерімен жұмыс**

Активтермен жұмыс нағыз оқырмандар коллективі тәрбиелеу болып табылады. Активті тәрбиелеу ісі кітапханашының күнделікті жұмысында балалармен әртүрлі көпшілік жұмыстарын өткізу барысында жүзеге асырылып отырады. Актив оқырмандар арқылы көптеген балаларды кітаппен жұмыс істеуге үйретіп кітапхана әлеміне қызықтырып олар кітапқа деген ынтасын арттырады.

- Кітапхана белсенділігін жаңарту
- Белсенділік мүшелері арасында міндеттерді бөлу
- Оқулықтарға сақтауға үнемі рейд жүргізу
- Оқушыларды мектеп кітапханасының мерекелеріне қатысуға тарту

### **Педагогикалық ұжыммен жұмыс**

- Мұғалімдердің жеке сұрақтарын қанағаттандыру
- Педагогикалық ұжымды жаңа әдебиеттермен және әдістемелік ұйымдастырумен жүйелі түрде таныстыру
- Сынып жетекшілерге сабақтан тыс іс-шараларды және ата-аналар жиналысын өткізуге көмектесу
- Пән апталықтарына әдебиеттер таңдау
- Мұғалімдер арасында оқыту әдістемесі бойынша мерзімдік басылымдарға жазылуды ұйымдастыру

## Мектеп оқушыларымен жұмыс

- Кітапхана жұмысы кестесіне сәйкес оқырмандарды таныстыру
- Кітапханаға қайта жазылар алдында оқырмандарға кеңес беру, кітап немесе оқулықтарға зиян келтірсе, жауапты екенін түсіндіру
- Оқушыларды кітаппен жұмыс жасауды үйрету
- Оқушылармен кітапханалық сабақтар өткізуді реттеу
- Оқырмандардың жас ерекшеліктерін ескере отырып әдеби және арнаулы әдебиеттер ұсыну
- Оқырмандармен жеке жұмыс жасау
- Отбасы төмен оқушылармен белсенді жұмыс жасау
- Қарыздарды анықтау мақсатында оқырмандар формулярын қарастыру (сынып жетекшілеріне қорытындыны хабарлау)

Қоғамымыздың дамуы ақпараттың кең тарауымен, мәдениет мәйегін халыққа тереңдетіп түсіндіру мәселелерімен тиянақты түседі. Осындай маңызды істерге шамшырағы жарқыраған аралдай, оты өшпеген қара ошақтай, қараңғы түнде алдан жарқыраған жарық сәуледей жол нұсқайтын – кітапхана. Рухани тарихын, ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлерін, әдет ғұрпын тануда кітаптың берер көмегі ұшан теңіз.

## 7. Білім алушылардың білімін бағалау

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 № 96 өзгертілген) бекітілген «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидалары» негізінде білім алушылардың оқу жетістігін бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылады. Қалыптастырушы бағалау кезінде мұғалім сабақта кері байланыс жүргізеді. 2-11 сынып оқушыларына тоқсан бойынша жиынтық бағалау нәтижелері бойынша білім алушыларға тоқсандық баға қойылады. Тоқсандық жиынтық бағалау талаптары сақталады, өткізілу кестесі құрылады. Тапсырмаларды мектеп директоры бекітеді. Кестелер сілтемеде көрсетілген.

### Тоқсандық жиынтық бағалау кестелері

<https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1XSAO8sf5uQ5CysCCzh3j66QHwP1M7mbf>

### Білім алушылардың 2 жылдық үлгерімі мен білім сапасы

Оқу жылы	2-4 сыныптар	5-9 сыныптар	10-11 сыныптар	Мектеп бойынша
2022-2023	88,24%	69,7%	100%	78,95%
2023-2024	81,8%	66,6%	50%	68,5%

Үлгерімі 100%.



**Ескерту:** 1-сынып оқушылары бағаланбайтын болғандықтан, білім сапасы көрсеткішіне есептелмейді.

Екі жылдың білім сапасының мониторингі бойынша орта есеппен 73,7% көрсетеді.

**2022-2023 оқу жылы**

<https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1wJFBNO3oLUm1vpvcuwkQY9hZ3DBRIJ3O>

**2023-2024 оқу жылы**

<https://drive.google.com/drive/u/0/folders/15SO1hdznzX1pWhn8199XM3XLhxc-ALQ>

**2-4-сыныптардың пән бойынша білім сапасы**

пән атауы	2022-2023	2023-2024
қазақ тілі	88,24%	81,8%
әдебиеттік оқу	88,24%	81,8%
орыс тілі	88,24%	90,9%
математика	88,24%	90,9%
жаратылыстану	88,24%	81,8%
дүниетану	88,24%	81,8%
шетел тілі (ағылшын)	88,24%	75%

1-4-сыныптардың пән бойынша оқу үлгерімін салыстырсақ қазақ тілі, әдебиеттік оқу, жаратылыстану, дүниетану пәндерінен 6,1%-ға, шетел тілі (ағылшын) пәнінен 13%-ға төмендегенін байқауға болады. Ал орыс тілі, математика пәндері 2,7%-ға артты.

**5-9-сыныптардың пән бойынша білім сапасы**

пән атауы	2022-2023	2023-2024
қазақ тілі	87,8	94,8%
қазақ әдебиеті	81,8	94,8%
орыс тілі мен әдебиеті	87,7	82%
математика	92	81%
жаратылыстану	100	93,7%
Дүниежүзі тарихы	69,6	79%
Қазақстан тарихы	78,7	82%
информатика	97	97%
шетел тілі (ағылшын тілі)	81,8	79%
алгебра	70	69,5%
геометрия	60	69,5%
физика	75	65%
химия	65	69,5%
биология	95	82,6%
география	65	95,6%
құқық негіздері	100	77,7%

## 10-11-сыныптың оқыту пән бойынша білім сапасы

пән атауы	2022-2023	2023-2024
қазақ тілі	100	75%
қазақ әдебиеті	100	50%
орыс тілі мен әдебиеті	100	75%
Қазақстан тарихы	100	75%
информатика	100	75%
шетел тілі (ағылшын тілі)	100	50%
алгебра және анализ бастамалары	100	75%
геометрия	100	75%
физика	100	50%
биология	100	75%
география	100	-
химия	100	-
Дүниежүзі тарихы	100	50%

5-9-сыныптарында орыс тілі мен әдебиеті пәнінен 5%, жаратылыстану 6%, шетел тілі (ағылшын) 2,8%, физика 10%, биология 12%, құқық негіздері пәнінен 22% төмендеген.

10-11-сыныптарда қазақ әдебиеті, физикадан, шетел тілі (ағылшын), дүниежүзі тарихынан 50%-ға төмендегені байқалады. Қалған пәндерінен 25%-дан төмендегені байқалады.

Мектеп бойынша кейбір пәндерден білім сапасының төмендігіне мыналар әсер етті:

- 2022-2023 оқу жылында жұмыс оқу жоспарының төмендетілген жүктеме бойынша оқып, жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндердің апталық сағат санының қысқаруы;
- мұғалімнің пәнге қызығушылығы төмен оқушылармен жеке жұмыс істеуіне мүмкіндігінің әрқашан бола бермеуі;
- баланың өз жұмысын ұйымдастыра алмауы (іс-қимыл алгоритмі берілген кезде мәтінмен қарапайым жұмыс: оқу, табу, таңдау, жазу).

Мұғалімдер білім олқылықтарының орнын толтыру мақсатында білім алушыларға қолдау көрсету үшін жұмыс жоспарын жасап, оны іске асырады.

### Білім алушыларды «Қазақ тілі» пәнінен 5-8, 10-сыныптарда аралық аттестаттау қорытындысы

Қазақ тілі пәні бойынша №125 бұйрықтың 35-тармағына сәйкес білім алушылардың бағдарламалар мазмұнын меңгеруін бағалау мақсатында негізгі орта (5-8-сыныптар), жалпы орта (10-сынып) деңгейінде академиялық жыл аяқталған кезде «Қазақ тілі» пәні бойынша МЖМБС-қа (тыңдалым, оқылым, жазылым) сәйкес жазбаша нысанда өткізілді. Емтиханның аяқталу

қорытындысы бойынша ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының талаптарына сай хаттама толтырылды.

Білім сапалары кестеде көрсетілген.

5 сынып	6 сынып	7 сынып	8 сынып	9 сынып
88,8%	100%	83%	62,5%	50%

### **5-8,10 сыныптар үшін «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша аралық емтихандардың хаттамалары**

<https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1EuLwRfqiNMl06MtV7jozlT75nBwA8nDs>

### **Білім алушыларды қорытынды аттестаттау**

Емтихандарды өткізу, оқушыларды ауыстыру және бітіру кезінде ҚР Білім және ғылым министрінің 18.03.2008 жылғы №125 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидалары» басшылыққа алынды.

Жыл сайын 9,11-сыныптарда білім алушыларды қорытынды аттестаттауға дайындау, оны ұйымдастыру және өткізу жұмыстары бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес жүргізілді. Қорытынды аттестаттау мәселелері бойынша ақпараттық және түсіндіру жұмыстары барысында оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар жұртшылығы арасында негізгі орта және жалпы орта білім беру курстары үшін білім алушыларды қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын зерделеу бойынша нұсқаулықтар өткізілді. Түлектермен қорытынды аттестаттауға дайындық бойынша психологиялық сүйемелдеу шеңберінде мектеп педагог-психологі сынып жетекшілерімен психологиялық тренингтер, әңгімелер мен консультациялар өткізді. 9,11-сыныптарда қорытынды аттестаттауды дайындау және өткізу мәселелері педагогикалық кеңестерде қаралды. Өткен екі жылда емтихандарда барлығы оң бағалар алды, үлгермегендер және қорытынды емтихандарға келмегендер жоқ.

**(Негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейінде оқу курсы үшін емтихан хаттамалары мен өткізу кестелері қоса берілді)**

**2022-2023 оқу жылы. Емтихан кестесі**

[https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1aLeYHLMmE-wuExF\\_2vQCsHLOLs7wbUu0](https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1aLeYHLMmE-wuExF_2vQCsHLOLs7wbUu0)

**9 сынып 2022-2023 оқу жылы емтихан хаттамасы**

[https://drive.google.com/drive/folders/1T5EfWVzv3AFr81C1\\_PAZec8oDpad-2Sr?usp=sharing](https://drive.google.com/drive/folders/1T5EfWVzv3AFr81C1_PAZec8oDpad-2Sr?usp=sharing)

**11 сынып 2022-2023 оқу жылы емтихан хаттамасы**

<https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1s4gdHoPdfVTTWmGHztsJ1DEoag1HYb50>

**2023-2024 оқу жылы. Емтихан кестесі**

<https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1QDN0XWDkrsfG2pskDhb-3LCnYomkNGrQ>

## 9 сынып 2023-2024 оқу жылы емтихан хаттамасы

[https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1u6w6koa-FWJIJj\\_FKxfcJylniLQ2vDaO](https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1u6w6koa-FWJIJj_FKxfcJylniLQ2vDaO)

## 2022-2023 оқу жылындағы Білімал журналының сілтемесі:

<https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1yy13XajqTjvyRS2wiNFgRJTO13oKP1sy>

### Қорытынды аттестаттау нәтижелері

#### 2022-2023 оқу жылы (9-сынып)

Сынып	Қазақ тілі (%)		Алгебра (%)		Орыс тілі мен әдебиеті (%)		Биология (таңдау пәні)	
	Үлгерімі	Сапасы	Үлгерімі	Сапасы	Үлгерімі	Сапасы	Үлгерімі	Сапасы
9	100	75	100	100	100	50	100	50

### Қорытынды аттестаттаудың нәтижелері

#### 2022-2023 оқу жылы (11-сынып)

Сынып	Қазақ тілі (%)		Алгебра және анализ бастамалары (%)		Қазақстан тарихы (%)		Орыс тілі мен әдебиет (%)	
	Үлгерімі	Сапасы	Үлгерімі	Сапасы	Үлгерімі	Сапасы	Үлгерімі	Сапасы
11	100	100	100	100	100	100	100	100

### Таңдау пәндері

Сынып	Физика		Биология		Дүниежүзі тарихы	
	Үлгерімі	Сапа	Үлгерімі	Сапа	Үлгерімі	Сапа
11	100	100	100	100	100	100

### Қорытынды аттестаттау нәтижелері

#### 2023-2024 оқу жылы (9-сынып)

Сынып	Қазақ тілі (%)		Алгебра (%)		Орыс тілі мен әдебиеті (%)		Қазақ әдебиеті (таңдау пәні)	
	Үлгерімі	Сапасы	Үлгерімі	Сапасы	Үлгерімі	Сапасы	Үлгерімі	Сапасы
9	100	66,6	100	66,6	100	66,6	100	66,6

9-сынып оқушыларының 9-ы қорытынды емтихан түрінде негізгі орта білім беру курсы үшін қорытынды аттестаттаудан өтіп, негізгі орта білім туралы аттестаттар алды. Негізгі орта білім туралы үздік аттестатқа 1 үміткер: Досай Ерболат (Үздік аттестаттың №0198592) қорытынды аттестаттауды тапсыру кезінде өз білімін растады.

## Ұлттық бірыңғай тестілеудің қорытындысы.

Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) – түлектердің білімін бағалау жүйесі. Оқу жылы ішінде ҰБТ-ға дайындық жүйелі түрде жүргізіледі.

11-сынып оқушыларының ҰБТ тапсырып, аттестатталатын кезеңдегі орташа балл:

Тапсыру жылы	11сынып оқушыларының жалпы саны	ҰБТ тапсырған оқушылар саны	Орташа балл
2022 - 2023 оқу жылы	7	7	70
2023 - 2024 оқу жылы	-	-	-

**Ескерту:** 2023-2024 оқу жылында 11-сынып болған жоқ.

11-сынып оқушыларының дайындығы мен мектептің жетістігінің бір көрсеткіші – түлектерді жоғары оқу орындарына қабылдануы.

### 2022 - 2023 оқу жылында мектепті бітіргендер:

Мектептің 11 сыныпты - 7 оқушы, 9 сыныпты - 4 оқушы бітірді.

11 сыныптың түгел түлектері мемлекеттік грантка ие болып, жоғарғы оқу орнына 4 түлегі, колледжге 3 түлегі түсті.

9 сыныптың 4 түлегі 10-сыныпта оқуын жалғастырды.

«Алтын белгі», «Үздік аттестат» - жоқ

### 2023 - 2024 жылында мектепті бітіргендер:

11 сынып болған жоқ, 9 сыныпты 9 оқушы бітірді. Осы білім алушылардың барлығы 10-сыныпта оқуын жалғастырды.

«Үздік аттестат» - 1

**Биылғы 2024 – 2025 оқу жылында** 11-сыныпты - 4 оқушы, 9-сыныпты 8 оқушы бітіреді.

Мектепшілік бақылау маңызды басқару функцияларының бірі болып табылады. Біздің мектептегі мектепшілік бақылау жоспары ашық құжат болып табылады, ай сайын жоспардағы іс –шаралар, ашық сабақтар, мінез-құлқына, үлгерімінің төмендігіне, басқа да себептерге байланысты бақылауға алынған оқушылармен сабақтар таңдалады және мұғалімдер ұжымы үшін жарияланады. Сондықтан, пән мұғалімдері қай сыныпқа ерекше назар аудару керектігін, қай сыныппен қосымша жұмыс істеу керектігін, қай пәнге сабаққа бару керектігін біледі.

Мектепшілік бақылау оқу-тәрбие процесін үйлестіруді жалпы мемлекеттік талаптарға (нормативтерге) және оқушы мен педагогтың дамып келе жатқан тұлғаларының сұраныстарына сәйкестігін зерделеу және талдау мақсатында мектебімізде жүзеге асырылады.

Оқыту процесінің және білім алушының оқу жетістігінің сапасын арттыру, педагогтерде және білім алушыларда кездесетін проблемаларды зерделеу мақсатында мектепшілік бақылауды күшейтеміз.

Оқу процесін ұйымдастыру мен мектепшілік бақылауды тиімді жүзеге асыру үшін мектеп әкімшілігі бақылау нормативтерін қатаң сақтайды.

Сабақты бақылау, зерттеу мен талдау оқыту процесін жақсартудың, педагогтың кәсіби өсуі мен дамуының, білім алушылардың білім сапасын арттырудың негізі болып табылады. Осы мақсатта lesson study сыныптағы және ұжымдық іс-әрекеттегі зерттеулер – сыныпты және мұғалімнің өзін және шәкірттерін жете тануына, мақсат қоя жұмыстану арқылы кәсіби жетілуіне бағыт сілтейтін құралдар десек болады. Білім сапасы – басты көрсеткіш десек, сол білім сапасын арттыру мақсатында қолданылады. Lesson Study сыныпты зерттеу нысандарының бірі болып табылады. Lesson Study-ге жоспарлау, оқыту, қадағалау, оқыту мен оқуды талдау, өз қорытындыларын тұжырымдап, құжаттауды бірлесіп жүзеге асыратын мұғалімдер тобы қатысады. Lesson Study негізгі пәндер бойынша келесі мақсаттарды қамтиды:

- оқушылардың білім деңгейін көтеру.
- оқыту әдістемесін жетілдіру.
- оқыту үшін бағалау сияқты тәжірибелік әдістерді әзірлеу.

Мектеп әкімшілігінің сабақтарға қатысуы алдын ала дайындалған, білім беру ұйымының басшысы бекіткен жоспар және міндетті түрде ақпарат тақтасына орналастырылған кесте бойынша жүзеге асырылады;

Педагогтардың кәсіби өсуі мен дамуы үшін нақты әдістемелік көмек көрсету мақсатында жоспарсыз сабаққа қатысу іске асырылады;

Мектеп әкімшілігінің сабаққа қатысу нәтижелері пәндік әдістемелік бірлестіктердің, әдістемелік кеңестердің отырыстарында жүйелі түрде талданып, бақылау парақтарында, сабаққа қатысу журналында тіркеледі;

#### **4, 9-сынып оқушыларын компьютерлік тестілеу қорытындысы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі

№ 700 бұйрығымен бекітілген, білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулықтың 14-тармағына сәйкес, мектепте компьютерлік тестілеу жүргізілді. Тестілеу кезінде бақылаушы ретінде Департамент қызметкері қатысып, компьютерлік тестілеудің барлық барысы бейне жазбаға түсірілді.

4 сыныпта тестілеу «Қазақ тілі (оқыту тілі)», «Математика» пәндері бойынша өткізілді.

9 сыныпта тестілеу «Қазақ тілі (оқыту тілі)», «Математика» және тандау пәндері «Химия», «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша өткізілді. Қорытынды: негізгі және орта мектеп курсы үшін қорытынды аттестаттауды талдау негізінде білім алушылар пәндер бойынша мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес пәндер бойынша міндетті базалық минимумды жеткілікті деңгейде игерді деген қорытынды жасауға болады. Барлық емтихандар белгіленген мерзімде, нақты,

ұйымдастырылған, бұзушылықсыз өтті. Түлектердің дайындық деңгейі іс жүзінде тұрақты. Оқушылар көп жағдайда жылдық бағаларды растады, бұл білім алушылар мен мұғалімдердің бітіру емтихандарына дайындалуға жауапкершілікпен қарайтынын көрсетеді.

Білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік білім стандартының талаптарында көзделген жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқушылардың дайындық деңгейінің сәйкестігін анықтау мақсатында өткізілген 4, 9-сынып оқушыларын компьютерлік тестілеу нәтижелері :

№	Сынып	Журнал бойынша оқушылар саны	Қатысқан оқушылардың нақты саны	«5» баға алған саны	«4» баға алған саны	«3» баға алған саны	«2» баға алған саны	Орташа балл	Оң бағалар %
1	4	3	3	0	1	1	1	13,6	66,6
2	9	8	7	0	4	1	2	29,2	57
		<b>11</b>	<b>10</b>	<b>0</b>	<b>5</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>21,4</b>	<b>61,8</b>

**Ескерту:** 4,9-сынып оқушыларының білім, білік, және дағды сапасын бағалау нәтижесі 13-қосымша интернет-ресурста орналастырылды).

9-сыныпта бір оқушының денсаулық жағдайына байланысты дәлелді себептермен компьютерлік тестілеуге қатысқан жоқ, бұл оқушы денсаулық сақтау ұйымының құжатымен және ата-ана өтінішімен расталды.

Құжаттарды (өтініштерді) талдау келесі нәтижені көрсетті:

- 4-сынып оқушыларының тестілеуден өткен барлық пәндер бойынша білімін бақылауға жататын оқушылар тізімінің 100%-ы қатысқан оң жауаптарының үлесі 66,6%-ды құрайды, бұл рұқсат етілген нормаға сәйкес келеді, яғни. 40% жоғары;
  - 9-сынып оқушыларының тестілеуден өткен барлық пәндер бойынша білімін бақылауға жататын оқушылар тізімінің 88,9%-ы қатысқан оң жауаптарының үлесі 57%-ды құрайды, бұл рұқсат етілген нормаға сәйкес келеді, яғни. 40% жоғары.
- Тестілеу нәтижелері бойынша тест сұрақтарына дұрыс жауап берген 4 және 9 сынып оқушыларының дайындық деңгейін бағалау «жақсы» деп бағаланады.

4,9-сынып оқушыларының білім, білік және дағды сапасын бағалау нәтижесі, оның ішінде әдістемелік ұсынымдарға 13-қосымшаға сілтеме:

<https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1YRJoMCdxakJKi8GFTDCkaZYZbll1pz0i>

**9 сынып білім алушыларын бағалау кезіндегі кешенді тестілеу қорытындысы**

<https://drive.google.com/drive/u/0/folders/13wR1OopprqTcETIBUf5HdGpoUtLgbXFvn>

**4 сынып білім алушыларын бағалау кезіндегі кешенді тестілеу қорытындысы**

<https://drive.google.com/drive/u/0/folders/1GE9E9ZPoLeSXNIEp3I9E-n6zUynThOej>

## 8. Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы.

Респонденттер	Барлығы тізім бойынша	Сауалнамаға қатысты	Қатысушылар %	Сауалнама нәтижесі		
				Барлық сұрақтар	Оң жауаптар саны	Оң жауаптар үлесі%
Педагогтар	24	24	100%	15	339	94,1%
Білім алушылар	62	62	100%	15	1047	90,6%
Ата-аналар (заңды өкілдер)	34	34	100%	15	1230	93,9%

Білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасының нәтижесіне тоқталатын болсақ, білім алушылардың сауалнамасының нәтижесі бойынша көрсетілетін білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейі 90,6 % - ды көрсетіп, 5 (бес) деген баллға сәйкес келді.

Педагогтердің сауалнама нәтижесіне тоқталатын болсақ, сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанарлық жауабы - 94,1% - ды көрсетіп, 5 (бес) деген баллға сәйкес келді.

Ата – аналардың (заңды өкілдер) сауалнама нәтижесінің қорытындысы білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанатындығы - 93,9 % - ды көрсетіп, 5 (бес) деген баллдық нәтижеге жетті.

## 9. Кемшіліктер мен ескертулер, олардың шешу жолдары

1. Зейнеткерлік жастағы санаттары бар мұғалімдердің зейнеткерлік демалысқа шығуына байланысты, олардың орнына ешқандай еңбек өтілі жоқ, санаты жоқ жас мұғалімдердің келуіне қарай, санатсыз мұғалімдердің санының өсуі байқалады.

2. Әр жас маманға тәжірибелі мұғалімдер қатарынан тәлімгерлер тағайындалған. Дөңгелек үстелдер өткізу арқылы жас мамандардың әдістемелік деңгейін арттыру мақсатында жұмыстар жүргізілуде. Педагогикалық қызметтің барлық бағыттары бойынша әдістемелік семинарлар, жас мұғалімдер мектебінің отырыстары өткізіліп жатыр. Жас мамандар үшін одан әрі жемісті жұмыс істеуге барлық жағдай жасалған. Сонымен қатар, 20 – 40 жас аралығындағы педагогтердің үлесі 50% -ды құрағандықтан, олардың бала күтімі бойынша декреттік демалысқа шығуы салдарынан уақытша жаңа педагогтер қабылданып, пән мұғалімдерінің жиі ауысуы орын алуда, бұл жағдай білім сапасына да әсерін тигізері сөзсіз. Білім сапасының төмендеуінің себебі негізінен оқушылардың қашықтықтан оқыту кезінде оқуға деген қызығушылығының төмендеуімен түсіндіріледі. Осы кезеңде оларға оқу іс - әрекеттерін ұйымдастыру, қосымша әдебиеттер мен интернетті қолдана отырып, материалды өз бетінше зерттеу



қиынға соқты. Осыған байланысты осы мәселені шешудің мынадай жолдары белгіленді: мектепшілік бақылау жоспарына білімдегі олқылықтарды жою жөніндегі шаралар енгізілді.

3. Аудандық және облыстық білім беру ұйымдарына тарату және енгізу үшін өз авторлық бағдарламалары мен құралдарын құру және дамыту бойынша педагогтердің жұмысын жандандыру, кәсіби шеберлік конкурстарына белсенді қатысу талап етіледі.

4. Педагогтар арасында біліктілікті арттыру қажеттілігі туралы, педагогтерді міндетті және мерзімінен бұрын аттестаттаудан өту туралы түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Біліктілік тестілеуін және педагогтардың жетістіктері портфолиосын тапсыруға мақсатты дайындық жалғастырылады.

5. Перспективалық жоспарлауға сәйкес педагогтердің курстық қайта даярлаудан уақтылы өтуін жалғастыруға міндетті.

6. Бос орындар туралы пәндерді оқыту бойынша ақпаратты орналастыру Enbek.kz бос жұмыс орнына жұмысты жалғастыру (математика, сондай-ақ мектеп сайтында бос лауазымдарға конкурстық рәсімдерді өткізу туралы).

7. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндердің пәндік олимпиадаларына, конкурстарға, зерттеу жобаларына дайындық бойынша оқушылар мен мұғалімдердің жұмысына бақылауды күшейту.

8. Оқушылар мен тәрбиеленушілерді әртүрлі деңгейдегі олимпиадалар мен конкурстарға даярлаудың жаңа моделін жасау. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді әртүрлі деңгейдегі олимпиадалар мен конкурстарға қатысуға үздіксіз дайындау.

## **10. Қорытынды**

1. "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығының барлық өлшем шарттары бойынша 2022-2023 оқу жылынан бастап 2023-2024 оқу жылына дейінгі мектеп жұмысын талдай отырып, құрылған комиссия (26.03.2024ж. №10 бұйрығы) мектептің жұмысын "жақсы" деп бағалады. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін білім беру ұйымының қызметіне қойылатын біліктілік талаптары толығымен орындалады.

2. Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспары бар және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді.

3. Білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жұмыс жоспарлары, сабақ кестелері бар, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8170 болып тіркелген) бекітілген МЖМБС талаптарына және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді.

4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің бұйрықтарымен бекітілген "Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына" сәйкес

жүзеге асырылатын инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнының негіз болып табылады.

5. Тәрбие жұмысын іске асыру білім алушылардың субъективті жаңа білімді білуі мен игеруі мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған, білім алушылардың рухани - адамгершілік азаматтық-патриоттық, көркемдік эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтықта сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру арқылы іске асырылды.

6. Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері) бекітілген оқу жоспары негізінде бейіндік оқыту іске асырылды.

7. Вариативтік компонентті таңдау бойынша курстарды және факультативтерді іске асыру негізгі білім беру мазмұнының оқу жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады

8. «Өмір қауіпсіздігі негіздері" және "Жол қозғалысы ережелері" міндетті оқу курстарын зерделеу МЖМБС сәйкес оқу бағдарламалары негізінде жүргізілді.

9. Бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан сарапшы-педагогтердің үлесі 33,3% -ды құрайды, бұл «қанағаттанарлық» бағасына сәйкес келеді;

10. Негізгі орта, жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санынан педагог-сарапшылардың үлесі 6,6% -. құрайды, бұл «қанағаттанарлықсыз» бағасына сәйкес келеді;

11. Халықаралық, республикалық және қалалық зияткерлік олимпиадалар мен конкурстардың жеңімпаздарының, жүлдегерлерінің үлесі 2 жыл ішінде 40 % -дан астамды құрайды, бұл «үздік» бағасына сәйкес келеді.

12. Интернет желісіне қосылуды 100 м/бит астам жылдамдықпен жүзеге асырады, 2 көзден қосылған бұл «орташа» бағалауына сәйкес келеді;

13. Барлық тестіленетін пәндер бойынша білімді бақылау қорытындылары бойынша оқыту нәтижелері 57-66,6 % - құрайды, бұл «жақсы» бағасына сәйкес келеді;

14. 4-сыныптардың барлық тестіленуші (қазақ тілі, математика) пәндер бойынша білімнің бақылау бөлімдерінің қорытындысы бойынша оқыту нәтижесі 66,6% құрайды, бұл «жақсы» бағасына сәйкес келеді;

15. 9-сынып барлық тестіленетін пәндер бойынша (орыс тілі, математика` таңдау пәні) білімнің бақылау бөлімдерінің қорытындысы бойынша оқыту нәтижесі 57% құрайды, бұл «орташа» бағасына сәйкес келеді;

16. Жалпы мектеп бойынша оң бағалар 61,8 % «орташа» құрады.

17. Сыныптардың толтырылуы мен оқу алаңының санитариялық нормаларға сәйкестігі орындалып отыр.

18. Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы орындалды, мектепте медициналық кабинет бар.

19. Білім алушылар үшін тамақтандыру объектісінің болуы орындалды, мектепте асхана, ыстық тамақ дайындауға қажетті жабдығы бар ас үй-жай, білім алушылардың тамақтануы әлеуметтік мәртебесін құжатпен растаған және қамқорлыққа алынған халықтың қорғалмаған топтарын жалпыға бірдей оқыту қоры есебінен тегін негізін жүзеге асырады.

20. Мектептің өзінің оқу-материалдық базасы бар.

21. Сабақ кестесі санитарлық-талаптарды сақтай отырып, құрылған.

22. Аттестаттау кезеңінде оқушыларды қорытынды аттестаттау нәтижелері білім алушыларды қорытынды аттестаттау хаттамаларының көшірмелері қоса беріледі.

**«Жақтал жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша бағалау парағы.  
Бастауыш , негізгі орта және орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске  
асыратын білім беру ұйымдарын бағалауына арналған өлшемшарттар**

р/с №	Бағалау өлшемшарттары	Білім беру ұйымына тиісті өлшеуішті бағалау мазмұны	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	Жалпы санынан 22 педагогтің тиісті бейіні бойынша жоғары білімі бар - 19 ( <b>86,3%</b> ), арнаулы орта білімі бар - 3 (13,6%)	3
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	22 педагогтің біліктілік санатының деңгейін арттырған/растаған 16 педагог ( <b>72,7%</b> ), біліктілік санаты жоқ: 1. Жунисова М.А. жас маман 2. Мейрамова Ж.М. жас маман 3. Канапиев Н.Ж. жас маман 4. Терлікбай Е.Д. жас маман 5. Исабаева Э.С. география пәні мұғалімі (педөтілі 13ж) 6. Муханова Н. зейнеткерлік жаста	4
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	100%	5
4	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог- шеберлердің <b>бастауыш білім беру деңгейіндегі</b> педагогтердің жалпы санынан үлесі	33,3%	5
5	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог- шеберлердің <b>негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі</b> педагогтердің жалпы санынан үлесі	6,6%	2

6	Білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтар мен және жиһазбен жарақтандырылуы	95 %	5
7	Ғимараттарда (оқу корпусарында) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26513 тіркелген) сәйкес жағдай жасалуы (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрасты бояумен бояу)	70%	4
8	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13070 тіркелген), 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрықтарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі	100%	5
9	Білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толықтырылуының сәйкестігі (топтар/сыныптар бөлінісінде)	100%	5
10	Оқыту нәтижелері (білім, білік және дағды сапасын бағалау)	4- сынып – 66,6% 9- сынып – 57%	5
11	Білімалушылардың сауалнама нәтижелерін талдау	80 % -дан 100% -ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған	5
12	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	80 % -дан 100%-ға дейінгі респонденттер білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған	5
13	Ата-аналардың (заңды өкілдер) сауалнама нәтижелерін талдау	80 % -дан 100%-ға дейінгі респонденттер білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанған	5
			58

Білім беру ұйымының басшысы



Г.Т.Ахметова